

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Национальный Банк Республики Казахстан
National Bank of Kazakhstan



ХАБАРШЫСЫ

Қазақстан Ұлттық Банкінің

№ 5

2017 жылғы 1–31 мамыр

«ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ХАБАРШЫСЫ»,

Редакциялық кеңестің құрамы:

Редактордың міндетін атқарушы:

Терентьев А. Л.

редакциялық кеңестің мүшелері:

П.Е. Орлов

Ә.Қ. Мадиярова

Н.В. Сәрсенова

А.Е. Сәрсенбаева

шығарылымға жауапты:

Н.Н. Шабанова

Тел: 8 (727) 330-24-97

**Құрылтайшы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ
050040, Алматы қ.,
«Көктем-3» ш/а, 21**

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде
1997 ж. 24.02. № 432 тіркелген

1995 жылдан бастап шығарылады



РЕДАКЦИЯДАН:

Құрметті оқырмандар!

Қазақстан Ұлттық Банкі Сіздердің назарларыңызға «ҚҰБ Хабаршысы» журналының 2017 жылғы 1–31 мамырдағы № 5 кезекті шығарылымын ұсынып отыр.

«Басты оқиғалар» бөлімінде Сіз Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 1-тоқсандағы төлем балансының алдын ала бағалауымен, «Delta Bank» АҚ-тың жеке және заңды тұлғалардың депозиттерді қабылдауға, жеке және заңды тұлғалардың банк шоттарын ашуға лицензиясын тоқтата тұрумен, қаржы нарығындағы ахуалға және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы банкаралық және инвестициялық ынтымақтастық жөніндегі шағын комиссияның он алтыншы отырысын өткізумен таныса аласыз.

Сонымен қатар басылым беттерінен Сіз дәстүрлі түрде Қазақстан Ұлттық Банкі әзірлеген нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратты алуыңызға болады.

МАЗМҰНЫ:

1. Басты оқиғалар	4
2. «Микроқаржы ұйымдарын есептік тіркеуден өткізу және микроқаржы ұйымдарының тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 386 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚРҰБ Басқармасының 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 257 қаулысы	14
3. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру және бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» ҚРҰБ Басқармасының 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 258 қаулысы	23
4. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚРҰБ Басқармасының 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 259 қаулысы	60
5. «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» ҚРҰБ Басқармасының 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 261 қаулысы	79
6. «Альянс Полис» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы туралы» ҚРҰБ Басқармасының 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 76 қаулысы	130
7. «Delta Bank» акционерлік қоғамына банктік және өзге операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын депозиттерді қабылдау, жеке және заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу бөлігінде тоқтата тұру туралы» ҚРҰБ Басқармасының 2017 жылғы 18 мамырдағы № 78 қаулысы	131
8. «Аскар Есенович Мирзалиевке актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы» ҚРҰБ Басқармасының 2017 жылғы 29 мамырдағы № 95 қаулысы	132

БАСТЫ ОҚИҒАЛАР

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 1-тоқсандағы төлем балансын алдын ала бағалау туралы

2017 жылғы 10 мамыр

Алматы қ.

2017 жылғы бірінші тоқсанда ағымдағы шоттың тапшылығының қысқаруы байқалды – бағалау бойынша теріс сальдо 1,1 млрд. АҚШ долл. болды. Өткен тоқсанмен салыстырғанда тапшылық 2,6 есе (2016 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда – 9,3%-ға) қысқарды.

Әлемдік тауар нарықтарындағы бағаның оң серпіні және «Қашаған» кен орнындағы өндірісті іске қосу аясында тауарлар экспортынан кірістер және, тиісінше, шетелдік тікелей инвесторлардың кірістері ұлғайды. Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасы орташа алғанда 2017 жылғы 1-тоқсанда бір баррель үшін 54,1 АҚШ долл. (2016 жылғы 1-тоқсанда орташа алғанда бір баррель үшін 34,4 АҚШ долл.) болды. Импорттың өсу қарқынынан басым тұрған тауарлар экспортының өсу қарқыны сауда балансының оң сальдосының 2016 жылғы 4-тоқсандағы 2,5 млрд. АҚШ долларынан бастап 4,1 млрд. АҚШ долларына дейін немесе 2016 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 1,5 есе ұлғаюын қамтамасыз етті.

Тауарлар **экспорты** өткен тоқсанмен салыстырғанда 5,5%-ға ұлғайып, 11,0 млрд. АҚШ долл. болды. 2016 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда экспорт 30%-ға дерлік немесе 2,5 млрд. АҚШ долларына өсті, бұл ретте мұнай және газ конденсаты экспортының құны 35,2%-ға, ал қара және түсті металдар – тиісінше 63,4%-ға және 24,2%-ға өсті.

Тауарлар **импорты** өткен тоқсанмен салыстырғанда 13,3%-ға төмендеп, 6,9 млрд. АҚШ долл. болды, бұған бір жағынан маусымдық фактор себепші болды. 2016 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда тауарлар импорты 19,1%-ға өсті, бұл ретте өсім негізгі тауар номенклатурасының барлық топтары бойынша болды.

Шетелдік тікелей инвесторлардың кірістерін төлеу 2016 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 1,5 есе 3,6 млрд. АҚШ долларына дейін өскен, ал жалпы алғанда **инвестициялық кірістердің** теріс сальдосы 2017 жылғы 1-тоқсанда 3,8 млрд. АҚШ долларын құрады. Шетелдік тікелей инвесторлар өз кірістерінің 40% астамын Қазақстандағы еншілес кәсіпорындарына қайта инвестициялады.

Қаржы шоты бойынша капиталдың таза әкелінуі (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда) 1,7 млрд. АҚШ долларын құрады.

Шетелдік тікелей инвестициялар бойынша капиталдың таза әкелінуі 1,9 млрд. АҚШ долларын құрады және қазақстандық кәсіпорындар капиталының ұлғаюына, сондай-ақ үлестес тұлғалардың алдындағы фирмааралық берешектің өсуіне байланысты болды.

Қаржы ресурстарының елден әкетілуі ҚР Ұлттық қорының және басқа да резиденттердің шетелдік бағалы қағаздарымен шетелдік активтерінің өсуіне байланысты, сондай-ақ банктердің және банктік емес ұйымдардың ұзақ мерзімді қарыздар бойынша міндеттемелерін қысқартуы есебінен болды.

Резервтік активтер (ҚР Ұлттық қорының активтерін есептемегенде) 2017 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша 29,7 млрд. АҚШ долларына бағаланды, бұл қазақстандық тауарлар мен қызметтер импортын 8,9 ай қаржыландыруды қамтамасыз етеді.



«Delta Bank» АҚ-тың жеке және заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, жеке және заңды тұлғалардың банк шоттарын ашуға лицензиясын тоқтата тұру туралы

2017 жылғы 22 мамыр

Алматы қ.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 18 мамырдағы №78 қаулысымен 2017 жылғы 22 мамырдан бастап қоса алғанда 2017 жылғы 15 маусымға дейін «Delta Bank» АҚ-тың жеке және заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, жеке және заңды тұлғалардың банк шоттарын ашуға лицензиясы тоқтатыла тұрады.

Бұл шешімді Ұлттық Банк Банктің банктік заңнама талаптарын жекелеген бұзушылықтарына қадағалаушылық реттеу және «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 48-бабының 1-тармағы в) және г) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша, төлем және аударым операциялары бойынша шарттық міндеттемелерді үнемі (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан көп рет) тиісінше орындамау және үнемі (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан көп рет) пруденциялық нормативтерді және (немесе) басқа сақталуы міндетті нормалар мен лимиттерді бұзғаны үшін ішкі бақылау жүйелерін жақсарту қажеттілігі шеңберінде қабылдады.

Лицензия жаңа депозиттерді тартуға және жеке және заңды тұлғалардың жаңа банк шоттарын ашуға қатысты тоқтатыла тұрады және Банктің қолданыстағы депозиттері мен клиенттеріне қызмет көрсетуге қатысы жоқ.

2017 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша «Delta Bank» АҚ жеке тұлғаларының қабылданған депозиттерінің көлемі 0,6 млрд. теңгені, заңды тұлғалардың депозиттері 115,7 млрд. теңгені құрайды. Банктің депозиттік портфелінің үлесі банк жүйесі депозиттерінің жиынтық көлемінің 0,7%-ын құрайды.

Қаржы нарығындағы ахуал туралы

2017 жылғы 24 мамыр

Алматы қ.


1. 2017 жылғы сәуірдегі инфляция және инфляциялық күтулер

Қазақстан Республикасында инфляция 2017 жылғы сәуірде 0,5%, ағымдағы жылдың басынан бері – 2,7% болды.

Жылдық көрсеткіш бойынша инфляция 7,5%-ға дейін баяулады және 2017 жылға арналған 6–8% нысаналы дәліз шегінде сақталып отыр.

Халықтың инфляциялық күтулері тұрақты деңгейде. Халық арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша бір жылдан кейін күтілетін инфляцияның сандық бағасы 2017 жылғы сәуірде 6,4% болды (1-график).

1-график Инфляция және күтілетін инфляция



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті, GfK Kazakhstan

2. 2017 жылғы сәуірдегі халықаралық резервтер (жедел деректер) және ақша агрегаттары

Жедел деректер бойынша, 2017 жылғы сәуірде Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 30,1 млрд. АҚШ долларына дейін 1,0%-ға (немесе 311,1 млн. АҚШ долларына) ұлғайды. Шетел валютасындағы активтер 18,5 млрд. АҚШ долларына дейін 0,2%-ға (немесе 28,2 млн. АҚШ долларына) азайды, алтындағы активтер оның бағасы 1,9%-ға өскен кезде жүргізілген операциялар нәтижесінде 11,0 млрд. АҚШ долларына дейін 3,1%-ға (немесе 336,2 млн. АҚШ долларына) өсті.

Ұлттық қордың активтерін толықтыру және Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялар, банктермен жасалған валюталық-пайыздық своп операцияларының бір бөлігінің аяқталуы, банктердің корреспонденттік шоттарындағы шетел валютасындағы қалдықтың төмендеуі Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсімімен бейтараптандырылды.

Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда, елдің жалпы халықаралық резервтері (62,7 млрд. АҚШ доллары) 2017 жылғы сәуірде жедел деректер бойынша, 92,8 млрд. АҚШ долларына дейін 0,3%-ға өсті.

2017 жылғы сәуірде ақша базасы 1,1%-ға кеңейді және 5 253,5 млрд. теңгені құрады. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін ескермегендегі ақша базасы 4 778,8 млрд. теңгеге дейін 1,5%-ға кеңейді.



2017 жылғы сәуірде ақша массасы 19 468,9 млрд. теңгеге дейін 0,9%-ға ұлғайды, айналыстағы қолма-қол ақша 1 724,1 млрд. теңгеге дейін 4,8%-ға ұлғайды.

3. Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты саласындағы операциялары

Ұлттық Банктің операциялары ақша-кредит саясатын жүргізу мақсаттарына және артық өтімділікпен сипатталған ақша нарығындағы ахуалға себепші болды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары. Қысқа мерзімді ноттар эмиссиясының көлемі 2017 жылғы сәуірде 4 144,8 млрд. теңге болды. 27 аукцион, оның ішінде 3 287,5 млрд. теңге сомаға 7 күндік ноттарды орналастыру бойынша 20 аукцион, 586,9 млрд. теңге сомаға 1 айлық ноттарды орналастыру бойынша 4 аукцион, 124,6 млрд. теңге сомаға 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион, 103,0 млрд. теңге сомаға 6 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион және 42,8 млрд. теңге сомаға 1 жылдық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион өткізілді.

Орналастырылған 7 күндік ноттар бойынша орташа алынған кірістілік 10,47%, 1 айлық ноттар бойынша – 10,33%, 3 айлық ноттар бойынша – 9,96%, 6 айлық ноттар бойынша – 9,79%, 1 жылдық ноттар бойынша – 9,65% болды.

Айналыстағы ноттардың көлемі 2017 жылғы сәуірдің соңында 2 889,9 млрд. теңге болды.

2017 жылғы сәуірдің қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары бойынша кірістіліктің төмендеуі салдарынан бүкіл кірістілік қисығы бойы кірістіліктің төмендеуі, сондай-ақ салыстырмалы түрде неғұрлым төмен кірістілік бойынша айналыс мерзімі 2 жылдан 4 жылға дейінгі орта мерзімді бағалы қағаздарды орналастыру байқалды (2-график).

2-график Кірістіліктің тәуекелсіз қисық сызығының өзгеруі

Жылдық

кірістілік, %



Тұрақты қолжетімділіктегі ақша-кредит саясатының құралдары. Тұрақты қолжетімділіктегі ақша-кредит саясатының құралдары бойынша барлық операциялардың сомасы сәуірде 10 000 млрд. теңгеге дейін 5,5%-ға қысқарды. Олардың ішінде екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктің жеті – және бір күндік депозиттеріне өтімділікті орналастыру бойынша операциялар басым бөлігін құрады, олардың көлемі 8 984,6 млрд. теңгеге дейін 2,5%-ға ұлғайды. Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасындағы бір күндік кері РЕПО (МБҚ-мен авторепо) жүргізу бойынша мәмілелерінің көлемдері 16,5%-ға қысқарды және 80,2 млрд. теңгені құрады, тікелей РЕПО (МБҚ-мен авторепо) операциялары бойынша көлемдер 45,8%-ға қысқарды және 923,3 млрд. теңгені құрады.

Ақша нарығындағы ақша-кредит саясатының операцияларын жүргізу кезінде таргеттелетін (нысаналы) мөлшерлеме болып табылатын TONIA индикаторын қалыптастыру негізінен базалық мөлшерлеменің пайыздық дәлізінің төменгі шегіне жақын болды. Ұлттық Банктің операциялары салдарынан 2017 жылғы сәуірде 1 күндік

РЕПО (TONIA индикаторы¹) операциялары бойынша орташа алынған мөлшерлеме жылдық 10,46% деңгейінде (2017 жылғы наурызда – 10,25%) қалыптасты.

4. 2017 жылғы сәуірдегі валюта нарығы

2017 жылғы сәуірде теңгенің айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 310,67–314,40 теңге аралығында өзгерді. 2017 жылғы сәуірдің соңында теңгенің АҚШ долларына қатысты биржалық бағамы бір айда 0,2%-ға шамалы әлсіреп (жыл басынан 5,7%-ға нығайып), бір АҚШ доллары үшін 314,40 теңге болды.

2017 жылғы сәуірде KZT/USD валюталық жұбы бойынша операциялардың жалпы көлемі 7,1%-ға ұлғайып, 12,0 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде Қазақстан қор биржасындағы биржалық сауда-саттықтың көлемі бір айда 2,7 млрд. АҚШ долларына дейін 4,0%-ға азайды, биржадан тыс валюта нарығында операциялардың көлемі 9,3 млрд. АҚШ долларына дейін 10,8%-ға ұлғайды.

2017 жылғы сәуірде халықтың қолма-қол АҚШ долларын нетто-сатып алуының көлемі айырбастау пункттерінде 2017 жылғы наурызбен салыстырғанда 70%-ға азайып, 88,4 млн. АҚШ долларын құрады.

5. 2017 жылғы сәуірдің соңындағы жағдай бойынша депозит нарығы

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің көлемі бір айда 0,6%-ға ұлғайып, 2017 жылғы сәуірдің соңында 17 744,8 млрд. теңгені құрады. Заңды тұлғалардың депозиттері 0,2%-ға ұлғайып, 10 168,4 млрд. теңгені құрады, ал жеке тұлғалардың депозиттері 7 576,4 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға ұлғайды.

2017 жылғы сәуірдің соңындағы жағдай бойынша ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 9 090,2 млрд. теңгені (бір айда 2,6%-ға ұлғайды), шетел валютасындағы депозиттердің көлемі бір айда 1,4%-ға қысқарып, 8 654,7 млрд. теңгені құрады.

Екі ай қатарынан ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі шетел валютасындағы депозиттердің көлемінен артып түсуде. Долларлану деңгейі сәуірде 49,8%-дан 48,8%-ға дейін төмендеуін жалғастырды.

Заңды тұлғалардың ұлттық валютамен депозиттері 2017 жылғы сәуірде 0,6%-ға ұлғайып, 5 752,5 млрд. теңге, шетел валютасымен депозиттері 0,3%-ға қысқарып, 4 415,9 млрд. теңге (заңды тұлғалардың депозиттерінен 43,4%) болды.

Жеке тұлғалардың теңгемен депозиттері 2017 жылғы сәуірде 6,1%-ға ұлғайып, 3 337,6 млрд. теңгені құрады, шетел валютасымен депозиттері 2,6%-ға төмендеп, 4 238,8 млрд. теңге (жеке тұлғалардың депозиттерінен 55,9%) болды.

Мерзімді депозиттер сәуірде 0,7%-ға өсіп, 12 227,0 млрд. теңгені құрады. Мерзімді депозиттер құрылымында ұлттық валютамен салымдар 5 768,1 млрд. теңге (бір айда 3,4%-ға ұлғайды), шетел валютасымен салымдар 6 458,9 млрд. теңге болды (бір айда 1,6%-ға төмендеді).

2017 жылғы сәуірде банктік емес заңды тұлғалардың ұлттық валютамен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 9,5% (2016 жылғы желтоқсанда – 10,5%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша 12,3% (12,2%) деңгейде қалыптасты.

6. 2017 жылғы сәуірдің соңындағы жағдай бойынша кредит нарығы

Банктердің экономиканы кредиттеуінің көлемі 2017 жылғы сәуірдің соңында бір ай ішінде 0,7%-ға ұлғайып, 12 588,9 млрд. теңгені құрады. 2017 жылғы сәуірде заңды тұлғаларға теңгемен берілген кредиттердің көлемі 8 506,1 млрд. теңгеге дейін 0,5%-ға ұлғайды, жеке тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер көлемі 4 082,8 млрд. теңгеге дейін 1,1%-ға ұлғайды.

¹ Биржада МБҚ-мен автоматты РЕПО секторында жасалған, РЕПО-ны мерзімі бір жұмыс күніне ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме



Ұлттық валютамен бір айда берілген кредиттердің көлемі 0,9%-ға 8 814,4 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға берілген кредиттер 0,5%-ға, ал жеке тұлғаларға берілген кредиттер 1,4%-ға өсті. Шетел валютасымен кредиттердің көлемі 3 774,5 млрд. теңгеге дейін 0,2%-ға ұлғайды, оның ішінде заңды тұлғаларға берілгені 0,4%-ға өсті, жеке тұлғаларға берілгені 1,3%-ға төмендеді. Теңгемен берілген кредиттердің үлес салмағы бір айда 69,9%-дан 70,0%-ға дейін өсті.

Ұзақмерзімді кредиттер көлемі 2017 жылғы сәуірдің соңында 10 489,4 млрд. теңгеге дейін 1,2%-ға ұлғайды, қысқа мерзімді кредиттер көлемі 2 099,4 млрд. теңгеге дейін 1,8%-ға төмендеді.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2017 жылғы сәуірде 3 062,2 млрд. теңгеге дейін (экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінен 24,3%) 0,5%-ға өсті.

Салалар бойынша банктердің экономикаға берген кредиттерінің барынша айтарлықтай сомасы сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 19,7%), өнеркәсіп (14,2%), құрылыс (7,6%), ауыл шаруашылығы (5,9%) және көлік (4,5%) сияқты салаларға тиесілі.

2017 жылғы сәуірде банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі 13,9% (2016 жылғы желтоқсанда – 14,5%), жеке тұлғаларға 18,7% (18,4%) болды.

7. 2017 жылғы сәуірдегі банк секторы

2017 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторын 33 банк құрайды.

Банк секторының жиынтық активтері ағымдағы жылдың басынан бастап 2,6%-ға азайып, 24 901,1 млрд. теңгені құрады. Активтердің құрылымында ең көп үлесті кредиттер – 57,4%, бағалы қағаздардың портфелі – 13,6%, қолма-қол ақша, тазартылған бағалы металдар мен корреспонденттік шоттар – 11,2% иеленді.

90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттердің көлемі (NPL) 1 222,3 млрд. теңгені немесе несие портфелінен 8,0%-ды құрады, жылдың басында аталған көрсеткіш 1 042,1 млрд. теңге немесе 6,7% болды.

Несие портфелі бойынша провизиялар 1 663,2 млрд. теңге немесе несие портфелінен 10,9% (2017 жылдың басында – 1 642,9 млрд. теңге немесе 10,6%) мөлшерінде қалыптастырылды.

Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің мөлшері 2017 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 3,5%-ға азайып, 2017 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 21 924,9 млрд. теңгені құрады. Банктер міндеттемелерінің құрылымында ең жоғары үлесті клиенттердің салымдары – 75,5%, айналысқа шығарылған бағалы қағаздар – 7,1%, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар – 5,7% иеленеді.

Жиынтық міндеттемелерде Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы банктердің міндеттемелері 2017 жылдың басымен салыстырғанда 7,4%-дан 6,7%-ға дейін (немесе 1 687,5 млрд. теңгеден 1 471,0 млрд. теңгеге дейін) төмендеді.

Банк секторының жиынтық меншікті капиталы 2017 жылғы қаңтар-сәуірде 4,8%-ға ұлғайып, 2017 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 2 976,2 млрд. теңге болды.

Екінші деңгейдегі банктердің ағымдағы жылдың басынан бастап алған бөлінбеген таза пайдасы 117,4 млрд. теңге (2016 жылғы ұқсас кезең ішінде – 133,2 млрд. теңге) болды.

Екінші деңгейдегі банктердің таза пайыздық маржасы мен пайыздық спрэді 2017 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша тиісінше 4,5% және 3,8% болды.

8. 2017 жылғы сәуірдегі сақтандыру секторы

2017 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру секторын 32 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы құрайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі жылдың басынан бастап 3,9%-ға ұлғайып, 2017 жылғы 1 мамырда 887,2 млрд. теңге болды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері 497,1 млрд. теңгені құрады, жылдың басынан бастап өсу 8,9% болды.

Қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі жылдың басымен салыстырғанда 5,0%-ға өсті және 435,4 млрд. теңгені құрады.

Меншікті капитал жылдың басынан 1,7%-ға азайып, 390,1 млрд. теңгені құрады.

Сақтандыру сыйлықақылары 2017 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 2016 жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 0,1%-ға ұлғайып, 135,0 млрд. теңгені құрады, олардың ішінде тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 121,6 млрд. теңге болды.

2017 жылғы төрт айдың қорытындысы бойынша «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары 19,1 млрд. теңге болды, бұл 2016 жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 24,0%-ға көп. Жиынтық сақтандыру сыйлықақыларында «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 2016 жылғы 1 мамырдағы 11,4%-бен салыстырғанда 14,1% болды.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 49,5 млрд. теңгені немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 36,7%-ын құрады. Бұл ретте Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің қайта сақтандыруына қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының 87,1%-ы берілді.

2017 жылдың басынан бері төленген сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі (қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде) 25,5 млрд. теңге болды, ол 2016 жылғы осыған ұқсас кезеңнен 4,5% аз.

9. 2017 жылғы сәуірдегі зейнетақы жүйесі

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2017 жылғы қаңтар-сәуірде 240,1 млрд. теңгеге (3,6%) ұлғайып, 2017 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 6 925,3 млрд. теңгені құрады.

2017 жылғы қаңтар-сәуірде зейнетақы активтерін 92,1 млрд. теңгеге инвестициялаудан «таза» кіріс артты, ол 2017 жылғы 1 мамырда 2 316,5 млрд. теңгені құрады.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының саны (зейнетақы жинақтары жоқ ЖЗШ-ны есептегенде) 2017 жылғы 1 мамырда 9,4 млн. шотты құрады.

Зейнетақы төлемдерінің сомасы 2017 жылғы қаңтар-сәуірде 91,3 млрд. теңгені құрады.

БЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесін 2017 жылғы 1 мамырда бұрынғыдай, ҚР-дың мемлекеттік бағалы қағаздары мен ҚР эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары алады (зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен тиісінше 40,5% және 35,9%). Өз кезегінде, банктердегі салымдардың үлесіне зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 9,4%-ы тиесілі болды.



10. 2017 жылғы қаңтар-мамыр кезеңіндегі төлем жүйелері мен төлем қызметтері нарығын реттеу

Ұлттық Банк Қазақстанның төлем нарығын бақылау-қадағалау функцияларын іске асыру шеңберінде 2017 жылғы қаңтар-мамырдағы кезеңде төлем ұйымдарын тіркеу, төлем жүйелерінің және маңызды көрсетілетін төлем қызметтерін берушілердің тізімдерін қалыптастыру бойынша іс-шараларды өткізді, сондай-ақ «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» ҚР Заңының нормаларын қолдану мәселелері жөніндегі тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Жұмыстардың қорытындысы бойынша 21 төлем ұйымын есептік тіркеу жүргізілді. Аталған төлем ұйымдары Ұлттық Банктің интернет-ресурсына орналастырылған тиісті тізілімге енгізілді. Тіркелген төлем ұйымдары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын төлем қызметтерін көрсету, оның ішінде Ұлттық Банкке тұрақты негізде тиісті есептілік нысандарын ұсыну бөлігінде сақтауға міндетті. Аталған ұйымдардың іс-қимылына шағымдар не олардың Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері саласындағы заңнамасының талаптарын бұзуы фактілері орын алса көрсетілетін төлем қызметтерін тұтынушылар өз құқығын қорғау үшін Ұлттық Банкке өтініш білдіруге құқылы.

Ұлттық Банк өзіне жүктелген функциялар шеңберінде 19 жүйе енгізілген төлем жүйелерінің тізілімін қалыптастыру және оны Ұлттық Банктің интернет-ресурсында орналастыру бойынша жұмыстар жүргізді. Көрсетілген тізілімде төлем жүйелерін жүйелік маңызды, маңызды және басқа да төлем жүйелеріне жіктеу ұсынылған.

2016 жылғы төлем қызметтері нарығын талдау қорытындысы бойынша төлем қызметтерін маңызды жеткізушілерге (нарықтың қандай да бір сегментінде айтарлықтай үлесі бар не төлем қызметтерінің айырықша түрлерін көрсетеді) төлем қызметтерін көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын бес заңды тұлға жатқызылған. Төлем қызметтерін маңызды жеткізушілер тізілімі сондай-ақ Ұлттық Банктің интернет-ресурсында орналастырылған.

11. Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына жүргізілген 2017 жылғы 1-тоқсандағы мониторинг нәтижелері туралы

Экономиканың нақты секторындағы 2017 жылғы 1-тоқсандағы ахуалды бағалау мақсатында 2017 жылғы сәуірде кезекті мониторинг жүргізілді. Ел экономикасының негізгі салаларын көрсететін мониторингке қатысушы кәсіпорындардың саны 2017 жылғы 1-тоқсанда 2849 болды, оның ішінде орта және ірі кәсіпорындар – 1500.

2017 жылғы 1-тоқсанда жалпы алғанда дайын өнімге сұраныстың нақты секторы бойынша өсу көрсетілді, диффузиялық индекс (ДИ²) 2016 жылғы 4-тоқсандағы 48,5 салыстырғанда 50,5 болды. Дайын өнім бағасының өсу қарқыны жылдамдатылды (ДИ=57,9), шикізат пен материалдар бағасының өсу үрдісі сақталды (ДИ=73,9). 2017 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындардың күтулері бойынша дайын өнімге сұраныс өседі (ДИ=52,9), бұл ретте дайын өнім (ДИ=57,7), шикізат пен материалдар (ДИ=67,4) бағаларының өсу қарқыны бәсеңдейді.

2017 жылғы 1-тоқсанда кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі төмендеді: инвестицияларды қаржыландырмаған кәсіпорындардың үлесі 32,9%-ға дейін (2016 жылғы 4-тоқсанда – 30,7%) ұлғайды. Осы мақсатқа меншікті қаражатын пайдаланған кәсіпорындардың үлесі 64,1%-ға дейін азайды (2016 жылғы 4-тоқсанда – 66,6%). Сонымен қатар, инвестициялауды қаржыландыруда банктер кредиттерінің үлесі 4,2%-ға дейін азайды (2016 жылғы 4-тоқсанда – 4,8%).

2017 жылғы 1-тоқсанда кредит және бұрын ашылған кредит желісі арқылы кезекті транш алған кәсіпорындардың үлесі 17,3%-ға дейін азайды (2016 жылғы 4-тоқсанда – 19,9%). Банктердің кредиттері бойынша мерзімі өткен (90 күннен астам) берешегі бар кәсіпорындардың үлесі 3,2%-ды құрады. 2017 жылғы 2-тоқсанда кредит алу үшін 19,4% кәсіпорынның өтініш беруге ниеті бар.


² Диффузиялық индекс 50-ден жоғары (төмен) болса, сұраныстың өсу (түсу) қарқыны соншалықты жоғары (төмен) болды, 50 деңгейі өзгерістің болмауын білдіреді.

Кредиттер бойынша мөлшерлеме шамалы төмендеді. Теңгемен және шетел валютасымен кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме деңгейі 2017 жылғы 1-тоқсанда тиісінше 14,3% және 8,1% болды (2016 жылғы 4-тоқсанда – тиісінше 14,4% және 8,5%).

Экономиканы ұлттық валютаның еркін өзгермелі айырбастау бағамына бейімдеу жалғастырылды. 2017 жылғы 1-тоқсанда теңгенің АҚШ долларына, еуроға және Ресей рубліне тиісінше 31,4%-ға, 17,7%-ға және 33,4%-ға дейін өзгеруінің теріс ықпалын бастан өткерген кәсіпорындарының үлесі төмендеді (2016 жылғы 4-тоқсанда – тиісінше 37,6%, 21,9% және 36,5%). Теңге бағамының АҚШ долларына, еуроға және Ресей рубліне өзгеруінен шаруашылық қызметіне оң әсерін байқаған кәсіпорындардың үлесі тиісінше 8,0%, 4,3% және 3,6% құрады (2016 жылғы 4-тоқсанда – тиісінше 5,9%, 3,2% және 3,2%).

Кәсіпорындар мониторингінің дайын өнімге сұраныстың көрсеткіштері негізінде құрылған «бизнес-цикл сағатына»³ сәйкес, 2016 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап нақты секторда іскерлік белсенділіктің қалпына келуі байқалатыны туралы қорытынды жасауға болады. Сұраныстың өсуі тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінде байқалады, басқа салаларда да, кәсіпорындардың бағалауы бойынша сұраныс көрсеткіштері жақсаруда. Нәтижесінде, 2017 жылғы 1-тоқсанда Қазақстанның экономикасы өсу аясына көшті (3-график). Кәсіпорындардың күтулеріне сәйкес 2017 жылғы 2-тоқсанда аталған серпін сақталады.

3-график Қазақстан экономикасының бизнес-циклының сағаттары (Business-Cycle Clock). Дайын өнімге сұраныс



³ Бизнес-циклдың сағаты «IFO Institute – Leibniz Institute for Economic Research at the University of Munich» (Germany) ғылыми-зерттеу мекеменің баламасы бойынша құрылған, оның қызметінің негізгі бағыты – экономика саласында қолданбалы зерттеулер жүргізу, бизнес-жағдайларды бағалау және т.б. болып табылады. Бизнес-циклдың сағаты экономиканың ағымдағы және болашақтағы жағдайларымен салыстырғанда кәсіпорындардың бағалауларына сәйкес экономиканың іскерлік циклдың қандай фазасында екенін көрсетеді.



Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы банкаралық және инвестициялық ынтымақтастық жөніндегі шағын комиссия отырысының он алтыншы отырысын өткізу туралы

2017 жылғы 31 мамыр

Алматы қ.

2017 жылғы 25 мамырда Астрахань қ. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының ұлттық (орталық) банктері, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ, «Мәскеу биржасы» ААҚ, «Ұлттық есеп айырысу депозитарийі» ЖАҚ КЕҚ, Мемлекетаралық банк, Сыртқы экономикалық банк, сондай-ақ Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері және Ресей Федерациясының кредиттік ұйымдары өкілдерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы банкаралық және инвестициялық ынтымақтастық жөніндегі шағын комиссия отырысының он алтыншы отырысы өтті.

Осы іс-шараның ұйымдастырушысы Ресей Федерациясының орталық банкі болды. Қазақстан делегациясын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Д. Ақышев, Ресей делегациясын Ресей Федерациясының Орталық Банкі Төрағасының бірінші орынбасары С. Швецов басқарды.

Отырыс барысында Шағын комиссияның Қазақстан және Ресей тараптарының (бұдан әрі – Тараптар) қатысушылары бірқатар өзара ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, екі елдің қор нарықтарын үйлестіру саласындағы бірлескен қызмет мәселелері, Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының нарықтарында және ЕАЭО кеңестігінде қайта сақтандыру кеңістігін қалыптастыру мәселелері, Ресей мен Қазақстанның коммерциялық банктерінің банктік қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстар қаралды. Тараптар Ресей Федерациясының және Қазақстан Республикасының экономикалары мен банк секторларының жай-күйі туралы ақпаратпен, сондай-ақ исламдық қаржыландыру форматында қаражат тарту мәселелері бойынша тәжірибе алмасты.

Сонымен қатар, Тараптар теңге-рубль валюталық жұбымен биржалық сауда-саттық көлемін ұлғайту мақсатында одан әрі бірлескен жұмыс бойынша ұсынымдар әзірледі, ұлттық валюталармен есеп айырысу және конверсиялық операцияларды жүзеге асыру бойынша ынтымақтастықты кеңейту мақсатында Мемлекетаралық банктің қызметі туралы ақпаратты назарға алды.

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2017 жылғы 5 қаңтарда № 14652 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2016 жылғы 28 қазан

№ 257

«Микроқаржы ұйымдарын есептік тіркеуден өткізу және микроқаржы ұйымдарының тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 386 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Микроқаржы ұйымдарын есептік тіркеуден өткізу және микроқаржы ұйымдарының тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 386 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8319 тіркелген, 2013 жылғы 5 маусымда «Егемен Қазақстан» газетінде № 141 (28080) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Есептік тіркеуден өту және микроқаржы ұйымдарының тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Есептік тіркеуден өту және микроқаржы ұйымдарының тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Микроқаржы ұйымдарын есептік тіркеуден өткізу және микроқаржы ұйымдарының тізілімін жүргізу қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Есептік тіркеуден өту және микроқаржы ұйымдарының тізілімін жүргізу қағидалары»;

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Есептік тіркеуден өту және микроқаржы ұйымдарының тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Микроқаржы ұйымдары туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және есептік тіркеуден өту және микроқаржы ұйымдарының тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Филиалдар микроқаржы ұйымдарының орналасқан жері бойынша Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржы ұйымдарының тізілімін жүргізеді.

Қағидалардың 10-тармағында белгіленген мерзімде Филиал микроқаржы ұйымын микроқаржы ұйымдарының тізіліміне енгізеді, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) есептік тіркеуден өткен микроқаржы ұйымдарының Ұлттық Банктің интернет-ресурсына орналастыру үшін микроқаржы ұйымдарының тізіліміне енгізілгені туралы ақпарат жібереді және микроқаржы ұйымдарының тізіліміне енгізілгені туралы микроқаржы ұйымын хабардар етеді не есептік тіркеуден бас тарту себептері туралы жазбаша түрде дәлелді жауап жібереді.»;



мынадай мазмұндағы 4–1-тармақпен толықтырылсын:

«4–1. Микроқаржы ұйымдарының тізіліміндегі тіркеу нөмірінде 9 (тоғыз) белгі болады және мынадай құрылымнан тұрады: ФФ.ЖЖ.ННН, мұндағы: ФФ – Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Филиалдарының микроқаржы ұйымдарын есептік тіркеу кезінде пайдаланылатын кодтарына сәйкес қойылатын Филиал коды;

ЖЖ – ағымдағы жылдың соңғы 2 (екі) цифры;

ННН – микроқаржы ұйымын есептік тіркеудің реттік нөмірі.

Әрбір күнтізбелік жыл, микроқаржы ұйымын есептік тіркеудің реттік нөмірі 001-ден басталады. Есептік тіркеуді нөмірлеуді Филиалдар дербес жүргізеді.

Егер есептік тіркеудің реттік нөмірі үш таңбалы саннан (999 (тоғыз жүз тоқсан тоғыз)) асып кетсе, төрт таңбалы реттік нөмірді (НННН) пайдалануға жол беріледі.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Филиал Қағидалардың 4-тармағында көзделген ақпаратты Ұлттық Банкке Қағидалардың 10 және 11-тармақтарында көзделген мерзім аяқталғанға дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Филиал микроқаржы ұйымын микроқаржы ұйымдарының тізілімінен шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банктің интернет-ресурсына орналастыру үшін Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржы ұйымын микроқаржы ұйымдарының тізілімінен шығару туралы мәліметтерді Ұлттық Банкке жібереді.»;

1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Есептік тіркеуден өту және
микроқаржы ұйымдарының
тізілімін жүргізу қағидаларына
1-қосымша
Нысан»;

2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Есептік тіркеуден өту және
микроқаржы ұйымдарының
тізілімін жүргізу қағидаларына
2-қосымша
Нысан»;

3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Есептік тіркеуден өту және
микроқаржы ұйымдарының
тізілімін жүргізу қағидаларына
3-қосымша
1-Нысан»;

4-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес 6-қосымшамен толықтырылсын;

осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес 7-қосымшамен толықтырылсын.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Қизатов О.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық ұқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына: Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

- 3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі
_____Д. Абаев_
2016 жылғы «18» ноябрь

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____К. Бишимбаев
2016 жылғы «7» декабрь



Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкі Басқармасының
2016 жылғы 28 қазандағы
№ 257 қаулысына
1-қосымша

Есептік тіркеуден өту
және микроқаржы ұйымдарының
тізілімін жүргізу қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Атқарушы органның бірінші басшысы (мүшелері), бас бухгалтер (болған кезде) туралы мәліметтер

(микроқаржы ұйымы қызметкерінің лауазымы және
микроқаржы ұйымының атауы көрсетіледі)

1. Жалпы мәліметтер:

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	_____
	(жеке басын куәландыратын құжатқа толығымен сәйкес, тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда – олар қашан және қандай себеппен өзгертілгені көрсетілсін)
Туылған күні мен жері	_____
Тұрақты тұратын жері, телефон нөмірлері	_____
	(елді-мекеннің кодын қоса алғанда, толық мекенжайы, қызметтік, үй, байланыс телефондарының нөмірлері көрсетілсін)
Азаматтығы	_____
Жеке басын куәланды- ратын құжаттың толық деректемелері	_____ _____ _____

Өтініш берушінің қатысушы, акционер ретінде басқа да заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуы туралы мәліметтер:

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері	Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері	Лауазымды тұлғаның заңды тұлға- ның жарғылық капиталына қатысу үлесі, лауазымды тұлғаға тиесілі акциялар саны және заңды тұлға- ның дауыс беретін акцияларының жалпы санына оның акцияларының пайыздық арақатынасы

2. Кәсіби деректер:

Білімі, оның ішінде жұмысының мамандығына сәйкес келетін кәсіби білімі	_____ _____ (оқу орнының, факультетінің немесе бөлімінің атауы және орналасқан жері, оқу кезеңі, берілген біліктілік, білімі жөніндегі дипломның деректемелері көрсетілсін)
Қосымша білімі, оның ішінде жұмыс істеп жүрген салада біліктілігін арттыру курстары, ғылыми дәрежелері	_____ _____ (оқу орнының атауы және орналасқан жері, оқыған кезеңі, білімі туралы дипломның деректемелері, сертификат, куәліктер көрсетілсін)
Қол жеткізген жетістіктері	_____ _____ (осы мәселе бойынша ақпарат көрсетілсін, мысалы, ғылыми жарияланымдарының аты, ғылыми әзірлемелерге, заң жобаларына қатысуы және тағы басқа)
Осы мәселеге қатысты басқа ақпарат	_____ _____ (кандидаттың кәсіби құзыреттілігін сипаттайтын ақпарат көрсетіледі)

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

№	Жұмыс кезеңі (ай, жыл)	Ұйымның атауы, атқарған лауазымдары және лауазымдық міндеттері

3. Басқа мәліметтер:

Өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы	Иә/жоқ (егер иә болса, онда қылмыстық жауапкершілікке тарту жөніндегі үкімнің күні мен нөмірі, 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің не 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бабы көрсетілсін)
Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін қадағалау органдарының қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетуі туралы деректердің болуы	Иә/жоқ (егер иә болса, онда осы шараны қолданған органның атауы және күні көрсетілсін)
Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган осы микроқаржы ұйымын тізілімнен шығару туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын микроқаржы ұйымының бірінші басшысы немесе құрылтайшысы болғандығы	Ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі
Микроқаржы ұйымының басшысы болып жауапкер ретінде қаржылық қызметтерді көрсету мәселелері бойынша сотта істі қарауға тартылды ма	(сотта істі қарау күні, жауапкер-ұйымның атауы, қаралатын мәселе және сот шешімі көрсетілсін)
Осы мәселеге қатысты басқа да ақпарат	(еркін түрде көрсетіледі)



Мен, _____,
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))
осы ақпаратты тексергенімді және ол дәйекті әрі толық болып табылатынын растаймын,

(қолы, күні)

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкі Басқармасының
2016 жылғы 28 қазандағы
№ 257 қаулысына
2-қосымша

Есептік тіркеуден өту және
микроқаржы ұйымдарының
тізілімін жүргізу қағидаларына
5-қосымша

Нысан

Микроқаржы ұйымдарының тізілімі
20__ жылғы «__» _____ жағдай бойынша

№	Берілген тіркеу нөмірі	Микроқаржы ұйымының атауы	Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Мекенжайы	Телефон нөмірі, факс, электрондық почтаның мекенжайы, интернет-ресурс (болған кезде)	Тізілімге енгізілген күні



Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкі Басқармасының
2016 жылғы 28 қазандағы
№ 257 қаулысына
3-қосымша

Есептік тіркеуден өту және
микроқаржы ұйымдарының
тізілімін жүргізу қағидаларына
6-қосымша

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Филиалдарының
микроқаржы ұйымдарын есептік
тіркеу кезінде пайдаланылатын кодтары**

№	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалының коды
1	2	3
1	Орталық филиал (Астана қаласы)	53
2	Алматы қалалық филиалы	05
3	Алматы облыстық филиалы	41
4	Ақмола филиалы	24
5	Ақтөбе филиалы	03
6	Атырау филиалы	12
7	Шығыс Қазақстан филиалы	09
8	Жамбыл филиалы	14
9	Батыс Қазақстан филиалы	49
10	Қарағанды филиалы	18
11	Қостанай филиалы	27
12	Қызылорда филиалы	21
13	Маңғыстау филиалы	29
14	Павлодар филиалы	32
15	Солтүстік Қазақстан филиалы	36
16	Оңтүстік Қазақстан филиалы	58

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкі Басқармасының
2016 жылғы 28 қазандағы
№ 257 қаулысына
4-қосымша

Есептік тіркеуден өту және
микроқаржы ұйымдарының
тізілімін жүргізу қағидаларына
7-қосымша

Нысан

**Микроқаржы ұйымын микроқаржы ұйымдарының тізілімнен
шығару туралы мәліметтер
20__ жылғы «__» _____ жағдай бойынша**

№	Берілген тіркеу нөмірі	Микроқаржы ұйымының атауы	Мекенжайы	Тізілімнен шығарылған күні	Негіздеме



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2017 жылғы 25 қаңтарда № 14727 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2016 жылғы 28 қазан

№ 258

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру және бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Өзгерістер мен толықтыру енгізілетін Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру және бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.
2. Бағалы қағаздар нарығы департаменті (Хаджиева М.Ж.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;
 - 3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.
5. Осы қаулы, Тізбенің 7-тармағының 2017 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізілетін он үшінші, он төртінші және он бесінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 28 қазандағы
№ 258 қаулысына
қосымша

Өзгерістер мен толықтыру енгізілетін Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру және бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. «Қор биржасы мүшелерінің қор биржасына қаржылық есептілікті және өзге ақпаратты ұсыну тізбесі мен мерзімдері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 13 ақпандағы № 33 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7466 тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырда «Егемен Қазақстан» газетінде № 261–266 (27340) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Қор биржасының мүшелері қор биржасына қаржылық есептілікті және өзге де ақпаратты беру тізбесі мен мерзімдері туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қор биржасының мүшелері (екінші деңгейдегі банктерді және ұлттық почта операторын қоспағанда) қор биржасына Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13504 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысымен бекітілген Қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, ислам арнайы қаржы компанияларының, микроқаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсынуы қағидаларына (бұдан әрі – № 41 қағидалар) 10, 11, 14 және 16-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті (еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда – шоғырландырылған және жеке қаржылық есептіліктерді) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнтізбелік күнінен кешіктірмей береді.

Ұлттық почта операторы қор биржасына № 41 қағидаларға 14 және 15-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті (еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда – шоғырландырылған және жеке қаржылық есептіліктерді) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнтізбелік күнінен кешіктірмей береді.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қор биржасының мүшелері:

- 1) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 102-бабының 2-тармағында көзделген қызметіндегі өзгерістер туралы ақпаратты – егер қор биржасының мүшесі бағалы қағаздары қор биржасының тізіміне енгізілген эмитент болып табылған жағдайда туындаған күнінен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде;
- 2) меншікті капиталдың жеткіліктілігі бойынша пруденциялық нормативтің бұзылғаны туралы ақпаратты осындай бұзушылық туындаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде;
- 3) қор биржасы қор биржасының сауда жүйесінде айналыстағы бағалы қағаздар және өзге қаржы құралдары бойынша сауда-саттыққа қатысуға жіберген қор биржасы мүшесінің трейдерлері құрамындағы өзгерістер туралы ақпаратты осындай өзгерістердің негіздемелері туралы мәліметтерді көрсете отырып олар туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде;
- 4) қор биржасының қағидаларында белгіленген көлемде есепті күнгі жағдай бойынша брокерлік қызметтер көрсету шеңберінде қор биржасы мүшесі жасаған комиссия шарттары туралы мәліметтерді есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;
- 5) тізбесі мен беру мерзімдері «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 86-бабының 6-тармағына сәйкес қор биржасының қағидаларында айқындалатын өзге де ақпаратты қор биржасына береді.».



2. «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі №184 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8692 тіркелген, 2013 жылғы 17 қазанда «Егемен Қазақстан» газетінде №233 (28172) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«50. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін нысаналы орналастыруға (пайдалануға) бақылау жасауды кастодиан:

- 1) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы және бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен;
- 2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясымен;
- 3) зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шартпен;
- 4) уәкілетті орган қолданған, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық қызметін шектеуге бағытталған шектеулі ықпал ету шараларымен немесе санкциялармен белгіленген талаптарға кастодианның есепке алу жүйесінде ашылған шоттар бойынша операциялар жасауға ұсынылған құжаттардың және бұйрықтардың (тапсырмалардың) сәйкестігін тексеру жолымен және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері қатысуымен жасалған мәмілелердің сәйкестігіне мониторинг жүргізу жолымен жүзеге асырады.»

3. «Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі №187 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8671 тіркелген, 2013 жылғы 25 қыркүйекте «Заң газеті» газетінде №144 (2345) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін: тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«1. Қоса беріліп отырған Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидалары»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Осы Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беру тәртібін белгілейді.»;

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«32. Қағидалардың 9 және 25-тармақтарына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына берілмеген және Қағидалардың 31-тармағына сәйкес жойылмаған құжаттарды сақтау Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10129 тіркелген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 22 желтоқсандағы №144 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.»

4. «Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы жинақтарының есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі №201 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8654 тіркелген, 2013 жылғы 2 қазанда «Заң газеті» газетінде №148 (2349) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:
- тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:
- «Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы»;
- 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:
- «1. Қоса беріліп отырған Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке алуды жүргізу қағидалары бекітілсін.»;
- көрсетілген қаулымен бекітілген Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы жинақтарының есебін жүргізу қағидаларында:
- тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:
- «Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке алуды жүргізу қағидалары»;
- кіріспе мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:
- «Осы Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке алуды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында (бұдан әрі – БЖЗҚ) салымшылардың жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке алуды, сондай-ақ ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларында (бұдан әрі – ЕЖЗҚ) салымшылардың жеке зейнетақы шоттарындағы ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке алуды жүргізу тәртібін айқындайды.»;
- 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «2. Жеке зейнетақы шотын ашуға негіздер:
- міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша – салымшының БЖЗҚ интернет-ресурсында орналастырылатын БЖЗҚ-ның ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша жасалған өтініші;
- міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша – міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттің (бұдан әрі – агент) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаның БЖЗҚ интернет-ресурсында орналастырылатын БЖЗҚ-ның ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша жасалған өтініші;
- ерікті зейнетақы жарналары есебінен – БЖЗҚ және (немесе) ЕЖЗҚ, бір жағынан және зейнетақы жарналарын салымшы, екінші жағынан жасайтын, салымшы өз бастамасы бойынша зейнетақы төлемдерін алушының пайдасына БЖЗҚ-ға және (немесе) ЕЖЗҚ-ға енгізген ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт, сондай-ақ ЕЖЗҚ ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті түрде қайтарған немесе одан айырылған жағдайда немесе ЕЖЗҚ қосылу нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастырылған кезде салымшылардың (алушылардың) ерікті зейнетақы жинақтарын БЖЗҚ-ға аудару болып табылады.»;
- 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «4. Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары зейнетақы жарналарының түрлері (міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары) бойынша жеке-жеке теңгемен жүргізіледі және:
- міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша – БЖЗҚ салымшының БЖЗҚ-ның ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша жасалған өтінішін қабылдаған күні;
- міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша – БЖЗҚ агенттің және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаның БЖЗҚ-ның ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша жасалған өтінішін қабылдаған күні;
- ерікті зейнетақы жарналары есебінен – ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаған күні ашылады.»;



мынадай мазмұндағы 11–1-тармақпен толықтырылсын:

«11–1. Теңгемен және (немесе) шетел валютасымен төлемдерді және (немесе) зейнетақы жинақтарының аударымдарын қайтаруды және (немесе) салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотына есепке жазылуға тиіс емес өзге сомаларды есепке алу үшін салымшыға (алушыға) жеке атаулы шот болып табылатын, теңгемен және (немесе) шетел валютасымен төлемдерді және (немесе) зейнетақы жинақтарының аударымдарын қайтару және (немесе) салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотына есепке жазылуға тиіс емес өзге сомалар түскен күні БЖЗҚ-да немесе ЕЖЗҚ-да ашылатын кредиторлық берешек шоты ашылады.

Кредиторлық берешек шоты зейнетақы жинақтарын төлеу, қайтару, жеке зейнетақы шотына есепке жазу бойынша жүргізілген операциялар нәтижесінде және (немесе) өзге де есептен шығару операциялары нәтижесінде сомалар толық есептен шығарылған күні жабылуға жатады.

Кредиторлық берешек шоты бойынша сомаларды есепке жазу және (немесе) есептен шығару тәртібі БЖЗҚ-ның және (немесе) ЕЖЗҚ-ның ішкі құжаттарында айқындалады.»

5. «Ерікті зейнетақы жарналарын тарту, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті және мәжбүрлеп таратуын жүргізу, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтару, және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияның және бағалы қағаздар нарығында қызметтің басқа түрлерін жүзеге асыруға берілген лицензияның негізінде жүзеге асыратын қызметі бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттарының жоқ екендігін растайтын құжаттардың тізбесін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 216 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8810 тіркелген, 2013 жылғы 6 желтоқсанда «Заң газеті» газетінде № 184 (2382) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияны ерікті түрде қайтару, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті түрде және мәжбүрлеп таратуын жүргізу, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияның және бағалы қағаздар нарығында басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияның негізінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттардың жоқ екендігін растайтын құжаттар тізбесін белгілеу қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«1. Қоса беріліп отырған Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияны ерікті түрде қайтару, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті түрде және мәжбүрлеп таратуын жүргізу, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияның және бағалы қағаздар нарығында басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияның негізінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттардың жоқ екендігін растайтын құжаттар тізбесін белгілеу қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналарын тарту, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті және мәжбүрлеп таратуын жүргізу, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтару, және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияның және бағалы қағаздар нарығында қызметтің басқа түрлерін жүзеге асыруға берілген лицензияның негізінде жүзеге асыратын қызметі бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттарының жоқ екендігін растайтын құжаттардың тізбесін белгілеу қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияны ерікті түрде қайтару, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті түрде және мәжбүрлеп таратуын жүргізу, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру

және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияның және бағалы қағаздар нарығында басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияның негізінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттардың жоқ екендігін растайтын құжаттар тізбесін белгілеу қағидалары»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Осы Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияны ерікті түрде қайтару, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті түрде және мәжбүрлеп таратуын жүргізу, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияның және бағалы қағаздар нарығында басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияның негізінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттардың жоқ екендігін растайтын құжаттар тізбесін белгілеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияны ерікті түрде қайтару немесе одан айрылу, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті түрде және мәжбүрлеп тарату кезінде ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияны ерікті түрде қайтару, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті түрде және мәжбүрлеп тарату, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру тәртібін белгілейді және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияның және бағалы қағаздар нарығында басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияның негізінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттардың жоқ екендігін растайтын құжаттар тізбесін белгілейді.»;

12-тармақ алып тасталсын;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 48–1-бабының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша ерікті түрде таратуға рұқсат беруден бас тарту туралы шешімді уәкілетті орган Қордың басшы қызметкерлеріне және акционерлеріне Заңның 48-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінде көзделген мерзім шегінде уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жібереді.

Заңның 48–1-бабының 1) тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша ерікті түрде таратуға рұқсат алу туралы өтінішхатты одан әрі қараудан негізді бас тарту уәкілетті орган құжаттарды алған кезден бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде ұсынылады.»;

16-тармақ алып тасталсын.

6. «Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру және қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қайта ұйымдастырылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 217 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8803 тіркелген, 2013 жылғы 27 желтоқсанда «Заң газеті» газетінде № 193 (2394) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру және қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелері қайта ұйымдастырылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«1. Қоса беріліп отырған Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру және қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелері қайта ұйымдастырылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидалары бекітілсін.»;



көрсетілген қаулымен бекітілген Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру және қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелері қайта ұйымдастырылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру және қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелері қайта ұйымдастырылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидалары»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Осы Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру және қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелері қайта ұйымдастырылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру талаптары мен тәртібін және қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қайта ұйымдастырылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына беру тәртібін айқындайды.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Қағидалардың 3, 4 және 10-тармақтарында көрсетілген құжаттарды қарау барысында уәкілетті орган мыналарды:

- 1) уәкілетті органның қайта ұйымдастыруға рұқсатын алу үшін қосылу жүзеге асырылатын Қор Қазақстан Республикасының азаматтық, қаржылық заңнамасының және Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келуіне ұсынған құжаттарды;
 - 2) қайта ұйымдастырылатын Қорға басқа Қор (Қорлар) және (немесе) заңды тұлға қосылу нәтижесінде оның ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келетін тұлғаларда ірі қатысушы мәртебесін иеленуге берген уәкілетті органның жазбаша келісімінің болуын;
 - 3) қайта ұйымдастырылатын Қордың қайта ұйымдастыру рәсімі аяқталғаннан кейінгі бірінші есепті күнге пруденциялық нормативтерінің сәйкес келуін;
 - 4) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша салымшылардың (алушылардың) алдындағы міндеттемелердің үздіксіз орындалуын қамтамасыз ету бойынша қайта ұйымдастыру жоспарында көзделген шаралардың жеткіліктілігін;
 - 5) қосу жүзеге асырылатын Қордың бағдарламалық-техникалық құралдарының және автоматтандырылған ақпарат жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша қайта ұйымдастыру жоспарында көзделген шаралардың жеткіліктілігін;
 - 6) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 201-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда монополияға қарсы органның экономикалық шоғырландыруға келісімінің болуын тексереді.
- Қағидалардың осы тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында белгіленген талаптар мемлекеттің, Ұлттық әл-ауқат қорының және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қатысуы бар Қорлар қайта ұйымдастырылған жағдайда қолданылмайды.».

7. «Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру, тоқтата тұру және одан айыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы № 25 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9324 тіркелген, 2014 жылғы 21 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру, оларды тоқтата тұру және олардан айыру қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«1. Қоса беріліп отырған Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру, оларды тоқтата тұру және олардан айыру қағидалары бекітілсін.»;

- көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру, тоқтата тұру және одан айыру қағидаларында:
- тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:
- «Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру, оларды тоқтата тұру және олардан айыру қағидалары»;
- 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:
- «1. Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру, оларды тоқтата тұру және олардан айыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі – Заң), «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру, оларды тоқтата тұру және олардан айыру тәртібін айқындайды. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруды лицензиялау бөлігіндегі Қағидалар екінші деңгейдегі банктерге қолданылмайды.»;
- 2-тармақтың 19-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
- «19) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7554 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 59 қаулысымен бекітілген Клиринг ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымдарындағы мониторинг, бақылау және тәуекелдерді басқару шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарға, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8796 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 214 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8816 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 240 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12999 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 252 қаулысымен бекітілген Қор биржасы үшін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуін айқындайтын ішкі қағидалар.»;
- 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «4. Лицензия алу үшін ұсынылған құжаттарды уәкілетті орган Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін құжаттарды ұсынған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде қарайды.»;
- 14-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
- «Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органға қызметтің шағын түрін алып тастауға немесе өзгертуге өтініш берген күнге дейін атауынан «ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры» деген сөздерді және (немесе) «ЕЖЗҚ» деген аббревиатураларды алып тастау бөлігінде мемлекеттік тіркеуді, сондай-ақ зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы активтері мен міндеттемелерді бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуды Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8810 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 216 қаулысымен (бұдан әрі – № 216 қаулы) бекітілген Ерікті зейнетақы жарналарын тарту, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті және мәжбүрлеп таратуын жүргізу, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті қайтару, және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияның және бағалы қағаздар нарығында қызметтің басқа түрлерін жүзеге асыруға берілген лицензияның негізінде жүзеге асыратын қызметі бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттарының жоқ екендігін растайтын құжаттардың тізбесін белгілеу қағидаларының 4-тарауында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.»;
- 20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



«20. Уәкілетті органның қызметтің барлық немесе жекелеген түрлері (шағын түрлері) бойынша лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе лицензиядан айыру туралы шешімі лицензиатқа орындау үшін көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде жіберіледі.

Уәкілетті органның инвестициялық портфельді басқарушы лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру немесе лицензиясынан айыру туралы шешімі орындау үшін бір мезгілде инвестициялық портфельді басқарушыға және осы инвестициялық портфельді басқарушы клиенттерінің шоттары ашылған кастодиандарға көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде жіберіледі.».

8. «Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына ауыстыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы № 32 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9325 тіркелген, 2014 жылғы 25 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына ауыстыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Қағидаларда Заңда көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) Жөнелтуші қор:

сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартының жасалуына байланысты салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына ауыстырылатын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры;

сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартының жасалуына байланысты салымшының (алушының) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын ауыстырылатын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры не ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры;

- 2) зейнетақы жинақтарын ауыстыру – Жөнелтуші қордың, Жөнелтуші қордың кастодиан-банкінің сақтандыру ұйымына міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және (немесе) ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының ауыстырылатын сомасын аудару үшін қажетті жүйелі іс-қимылдары;

- 3) зейнетақы жинақтарын ауыстыру туралы өтініш – сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартының жасалуына байланысты міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жарналарын, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан ерікті зейнетақы жарналарын немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан ерікті зейнетақы жарналарын сақтандыру ұйымына ауыстыру туралы жазбаша өтініш.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Сақтандыру ұйымынан зейнетақы жинақтарын қайтарылған жағдайда, Жөнелтуші қор сақтандыру сыйлықақысын қабылдайды.

Сақтандыру ұйымы зейнетақы жинақтарын қайтаруға төлем тапсырмасын қалыптастыруды Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13275 тіркелген «Төлем тапсырмаларын, төлемдік талап-тапсырмаларды, инкассалық өкімдерді ресімдеу, пайдалану және орындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 30 қаулысының талаптарына, № 388 қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

Сақтандыру ұйымының зейнетақы жинақтарын қайтаруына төлем тапсырмасын қалыптастырған кезде, сақтандыру ұйымы зейнетақы жинақтарын Жөнелтуші қорға қайтарылатын салымшының (тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), туған күнін, ЖСН қоса алғанда) деректемелерін зейнетақы жарналарын Жөнелтуші қорға қайтару жүзеге асырылатын төлем тапсырмасының нөмірін және күнін көрсетеді.».

9. «Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасасу қағидаларын және оның үлгілік нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 17 шілдедегі № 137 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11974 тіркелген, 2015 жылғы 16 қыркүйекте «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасасу қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Шарт салымшы (алушы) (Шартты өзінің пайдасына жасаған кезде), салымшы және алушы (Шартты үшінші тұлғаның пайдасына жасаған кезде), немесе нотариат куәландырған сенімхат негізінде кәмелетке толмаған адамның заңды өкілі БЖЗҚ-ға немесе ЕЖЗҚ-ға жеке өтініш берген кезде жасалады.»;

4-тармақтың бірінші абзацы және 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. БЖЗҚ-ның немесе ЕЖЗҚ-ның қызметкері салымшының (алушының), жеке тұлға болып табылатын салымшының және алушының немесе жеке тұлға болып табылатын салымшының сенім білдірілген адамының және (немесе) алушының, жасы кәмелетке толмаған адамның заңды өкілінің құжаттарын қабылдағанда:

1) салымшының (алушының), салымшының және алушының жеке басын куәландыратын құжатының түпнұсқасын, жеке сәйкестендіру нөмірінің болуын тексереді;»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. БЖЗҚ немесе ЕЖЗҚ қызметкері заңды тұлға болып табылатын салымшының және алушының құжаттарын қабылдаған кезде:

1) алушының жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын, алушының жеке сәйкестендіру нөмірінің болуын (алушыны сәйкестендіру үшін);

2) заңды тұлға жарғысының және лицензиясының (салымшының қызметі лицензияланатын жағдайда) көшірмесін;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмелерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірінің болуын;

4) заңды тұлғаның бірінші басшысының өкілеттіктерін (мәртебесін) растайтын құжаттың көшірмесін;

5) заңды тұлғаның атынан Шартқа қол қою жөніндегі өкілеттіктері көрсетілген заңды тұлға сенімхатының көшірмесін;

6) заңды тұлғаның атынан Шартқа қол қоюға уәкілетті адамның жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын;

7) заңды тұлға құрылтайшыларының жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін (акционерлік қоғамдардың құжаттарын, сондай-ақ шаруашылық серіктестікке қатысушылардың тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын шаруашылық серіктестер құрылтайшыларының құжаттарын қоспағанда) тексереді.

Осы тармақтың 2), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін заңды тұлға растайды. Бір парақтан көп парақтан тұратын құжаттар парақтар саны көрсетіле отырып тігіледі және заңды тұлғаның қолымен және мөрімен (бар болса) расталады.»;

6-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«БЖЗҚ немесе ЕЖЗҚ қызметкері Шарт жасасу бойынша құжаттарға Шарттың түпнұсқасын, Қағидалардың 4-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында (салымшы (алушы), жеке тұлға болып табылатын салымшы және алушы өтініш берген кезде) не Қағидалардың 5-тармағының 1) және 6) тармақшаларында (заңды тұлға болып табылатын салымшы және алушы өтініш берген кезде) көрсетілген құжаттардың көшірмелерін қоса береді.»;

8-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Тараптардың қолтаңбалары бар Шарттың түпнұсқасы және Қағидалардың 4-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында және 5-тармағында көзделген құжаттар сканерленеді, олардың графикалық файлдары БЖЗҚ-ның немесе ЕЖЗҚ-ның орталық дерекқорында 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады.»;

қосымшасы осы Өзгерістер мен толықтыру енгізілетін Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру және бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2 және 3-қосымшалар тиісінше Тізбеге 2 және 3-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.



Өзгерістер мен толықтыру енгізілетін
Қазақстан Республикасының зейнетақымен
қамсыздандыру және бағалы қағаздар
нарығын реттеу мәселелері бойынша
нормативтік құқықтық актілерінің
тізбесіне 1-қосымша

Ерікті зейнетақы жарналары есебінен
зейнетақымен қамсыздандыру туралы
шартты жасасу қағидаларына
қосымша
нысан

Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды есепке алу журналы

(бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті
жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)

№	Шарт жасасқан, жеке тұлға болып табылатын салымшының (алушының) деректемелері				
	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туылған күні	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Жеке басын қуәландыратын құжаттың нөмірі	Жеке басын қуәландыратын құжатты берген орган және берілген күні
1	2	3	4	5	6

Үшінші тұлғаның пайдасына шарт жасасқан, жеке немесе заңды тұлға болып табылатын салымшының деректемелері							
Пайдасына шарт жасасқан алушының деректемелері					Жеке тұлға болып табылатын салымшының деректемелері		
Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туылған күні	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Жеке басын қуәландыратын құжаттың нөмірі	Жеке басын қуәландыратын құжатты берген орган және берілген күні	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туылған күні	Жеке сәйкестендіру нөмірі
7	8	9	10	11	12	13	14

Үшінші тұлғаның пайдасына шарт жасасқан, жеке немесе заңды тұлға болып табылатын салымшының деректемелері				Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың нөмірі	Зейнетақымен қамсыздандыру шарты жасалған күні	Шарт жасасқан адамдардың (салымшының, алушының, сенім білдірілген адамның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қағаз тасымалдағыштағы журналда толтырылады)
Заңды тұлға болып табылатын салымшының деректемелері						
Заңды тұлғаның атауы	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі мен күні	Заңды тұлға басшысының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қол қою құқығына сенімхаттың нөмірі мен күні (бар болса)	Бизнес – сәйкестендіру нөмірі			
15	16	17	18	19	20	21

Ескерту:

Салымшы (алушы) жасасқан ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды есепке алған кезде журналдың 1, 2, 3, 4, 5, 6, 19, 20, 21-бағандары толтырылады.

Үшінші тұлғаның пайдасына жеке тұлға жасаған ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды есепке алған кезде журналдың 1, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 19, 20, 21-бағандары толтырылады.

Үшінші тұлғаның пайдасына заңды тұлға жасаған ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды есепке алған кезде журналдың 1, 7, 8, 9, 10, 11, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21-бағандары толтырылады.



Өзгерістер мен толықтыру енгізілетін
Қазақстан Республикасының зейнетақымен
қамсыздандыру және бағалы қағаздар
нарығын реттеу мәселелері бойынша
нормативтік құқықтық актілерінің
тізбесіне 2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2015 жылғы 17 шілдедегі
№ 137 қаулысына
2-қосымша
1-нысан

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы ШАРТТЫҢ ҮЛГІЛІК НЫСАНЫ

_____ қаласы 20__ жылғы «__» _____ № _____

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы _____

(Жарғыға сәйкес атауы, орналасқан жері)

бұдан әрі «Қор» деп аталады,

(Жарғы немесе сенімхат)

негізінде іс-әрекет жасайтын _____

_____ арқылы
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің

_____ аты (бар болса))

бір жағынан, және жеке тұлға _____

(тегі, аты, әкесінің

_____ аты (бар болса)),

туған күні, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжат,

_____ жылғы «__» _____ берілген _____,
(кім) (берген күні) (сериясы, нөмірі))

_____ жеке сәйкестендіру нөмірі бар, бұдан әрі «Салымшы (Алушы)» деп аталады, екінші жағынан, осы Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) мына төмендегілер жайында жасасты:

1. Шарттың мәні

1. Салымшы (Алушы) Шартқа сәйкес ерікті зейнетақы жарналарын енгізеді, ал Қор оларды қабылдауға және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес міндеттерді орындауға міндеттенеді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2. Қор:
 - 1) ерікті зейнетақы жарналарын қабылдауға;
 - 2) Салымшыға (Алушыға) № _____ жеке зейнетақы шотын ашуға;
 - 3) Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарын және оған жасалған зейнетақы төлемдерінің жеке есебін жүзеге асыруға;
 - 4) Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарына инвестициялық кірісті есептеуге;
 - 5) Салымшыға (Алушыға) оның сұратуы бойынша жеке зейнетақы шоты ашылған күннен бастап кез келген сұратылған күнге ақы алмай-ақ, оның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты беруге, сондай-ақ «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) 57-бабында көзделген ережелерді ескере отырып, оның зейнетақы жарналары туралы ақпаратқа рұқсат берудің электрондық және өзге тәсілдерін қамтамасыз етуге;
 - 6) Шартты жасасу кезінде Салымшыны (Алушыны) Қордың зейнетақы қағидаларымен таныстыруға;
 - 7) Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша Салымшының (Алушының) мүддесін қозғайтын барлық өзгерістер туралы, сондай-ақ Қордың зейнетақы қағидаларына енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпарат беруге;
 - 8) Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және инвестициялық портфельді басқару қызметі мәселелері бойынша оған ақысыз консультациялық қызметтер көрсетуге;
 - 9) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 34-бабы 9-тармағының 5) тармақшасына сәйкес зейнетақы активтері есебінен Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға;
 - 10) Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз етуге;
 - 11) Салымшының (Алушының) өтініші бойынша Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарын Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіпте ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аударуға;
 - 12) өзінің деректемелері өзгерген күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде бұл туралы Салымшыға (Алушыға) қазақ және орыс тілдеріндегі кемінде 2 (екі) мерзімді баспасөз басылымында хабарландыру жариялау арқылы хабарлауға;
 - 13) Салымшы (Алушы) қайтыс болған жағдайда, оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда белгіленген шекте жерлеуге арналған біржолғы төлемді төлеуге;
 - 14) Салымшы (Алушы) қайтыс болған жағдайда, оның жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының барлық сомасын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіпте Салымшының (Алушының) мұрагеріне (мұрагерлеріне) төлеуге;
 - 15) Қордың міндеттемелерін орындауға ықпал ететін Салымшының (Алушының) деректемелері өзгерген жағдайда, автоматтандырылған ақпараттық жүйеге бұл өзгерістерді растайтын құжаттардың негізінде тиісті өзгерістерді енгізуге;
 - 16) Салымшы (Алушы) елу жасқа толған жағдайда не Салымшы (Алушы) мүгедек болып табылған жағдайда, не Салымшы (Алушы) Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін шыққан және Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабына сәйкес зейнетақы жинақтарын алуға



құқығы туындаған жағдайда, зейнетақы жинақтарын Шартта белгіленген тәртіпте төлеуді жүзеге асыруға;

17) Салымшыға (Алушыға) комиссиялық сыйақының шамасын күнтізбелік жыл басталғанға дейінгі 1 (бір) айдан кешіктірмей, қазақ және орыс тілдеріндегі кемінде 2 (екі) баспасөз басылымында жария ету арқылы хабарлауға міндетті.

3. Қор:

- 1) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 53-бабында белгіленген шекті шамадан аспайтын мөлшерде комиссиялық сыйақы алуға;
- 2) зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте сотта Салымшының (Алушының) мүддесін білдіруге;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Салымшының (Алушының) құқықтарына қысым жасамайтын және төмендетпейтін өзге құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

4. Салымшы (Алушы) Қордың міндеттемелерін орындауына ықпал ететін барлық өзгерістер туралы олар басталған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде растайтын құжаттарды ұсына отырып, Қорға хабарлауға міндетті.

5. Салымшы (Алушы) ерікті зейнетақы жарналарын

(ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын, біржолғы немесе тараптардың келісімі бойынша)

мөлшерде енгізеді _____.

6. Салымшы (Алушы):

- 1) Қордың зейнетақы қағидаларымен танысуға;
- 2) өзінің зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты алуға;
- 3) Қордан жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және инвестициялық портфельді басқару қызметі мәселелері бойынша өтеусіз консультациялық қызметтер алуға;
- 4) зейнетақы жинақтарын Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіпте ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аударуға;
- 5) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабына сәйкес құқық туындаған кезде Шартта белгіленген тәртіпте Қордан зейнетақы төлемдерін алуға;
- 6) өзінің зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіпте мұраға қалдыруға;
- 7) Қордың іс-әрекетіне сот тәртібінде шағым жасауға құқылы.

3. Ерікті зейнетақы жарналарын енгізу, зейнетақы жинақтарын аудару және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

7. Ерікті зейнетақы жарналары Шарттың 5-тармағында белгіленген мерзімдерде және мөлшерде енгізіледі.

8. Зейнетақы төлемдері Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабына сәйкес жүргізіледі. Тараптар зейнетақы төлемдерін алу тәртібін Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісім жасау арқылы дербес айқындайды.

9. Зейнетақы жинақтарын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аудару тәртібі мен талаптары Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген.

4. Қордың сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

10. Қор Салымшыға (Алушыға) ұсынатын зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы жыл сайынғы міндетті ақпаратта ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы туралы, оның ішінде:
 - 1) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, Қорға зейнетақы жарналарының, өсімпұлдың, зейнетақы жинақтары аударымдарының сомасы;
 - 2) сұратылатын кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы және есептелген инвестициялық кіріс сомасы;
 - 3) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 53-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен және сұратылатын кезеңнің соңында қолданыстағы инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақының және зейнетақы активтерінің шамасы;
 - 4) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, Қордан зейнетақы төлемдерінің және (немесе) зейнетақы жинақтары аударымдарының және (немесе) ұсталған жеке табыс салығының сомасы;
 - 5) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, Салымшының (Алушының) жеке зейнетақы шотында көрсетілетін өзге де операциялардың сомасы туралы мәліметтер қамтылады.
11. Егер Салымшының (Алушының) сұратуында өзгеше көрсетілмесе, Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша ол сұратқан кез келген күндегі Қор ұсынатын ақпаратта Шарттың 10-тармағында аталған, сұратылатын кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша жасалған мәліметтер қамтылады.
12. Қор Салымшыны (Алушыны) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы жыл сайынғы міндетті хабарлауды, сондай-ақ оның сұратуы бойынша кез келген сұратылған күні хабарлауды ақысыз жүргізеді.
13. Салымшының (Алушының) өтініші бойынша жыл сайынғы міндетті хабарлау байланыс құралдары (почта, электрондық почта және Қордың зейнетақы қағидаларында көзделген басқа байланыс құралдары) арқылы немесе Салымшы (Алушы) жеке өтініш жасаған кезде жүргізіледі.

5. Тараптардың міндеттемелерді орындамаған жағдайдағы жауапкершілігі

14. Тараптар Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жауапкершілік атқарады.
15. Қордың кінәсінен зейнетақы жинақтары аударымын кешіктірген жағдайда, Қор Салымшының (Алушының) пайдасына аударылуға жататын зейнетақы жинақтарының сомасына әрбір кешіктірілген күнге (аударым жасау күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.
16. Қор зейнетақы төлемдерін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін құқықтары бұзылған адамның пайдасына төлемдер сомасына әрбір кешіктірілген күнге (төлем жүргізу күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.
17. Өсімпұлды төлеу Қорды зейнетақы жинақтары аударымы (зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру) бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.
18. Шартта реттелмеген жауапкершілік мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.



6. Еңсерілмейтін күш салдарынан міндеттемелерді орындамаған жағдайда тараптардың жауапкершілігі

19. Егер еңсерілмейтін күш салдарынан тиісінше орындауға мүмкін болмаса, Шарттың тараптары Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.
20. Өрт, су тасқыны, зілзала, табиғи апаттар, қоршауда қалу, ереуілдер, әскери іс-қимылдар, террорлық актілер және тараптар болжай алмаған және Шарттың орындалуына тікелей әсер еткен осыған ұқсас өзге де жағдайлар еңсерілмейтін күш жағдайлары болып табылады.
21. Қор Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша Шарттың 20-тармағында көрсетілген жағдайлардың туындағанын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

7. Шартты өзгерту немесе бұзу тәртібі мен талаптары

22. Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей айқындалмаған және енгізілуі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ережелер бойынша ғана жазбаша түрде өзгертіледі және толықтырылады.
23. Шарт:
 - 1) заңды күшіне енгізілген сот шешімінің негізінде;
 - 2) Шарт бойынша зейнетақы жинақтары мен зейнетақы жарналарының түсімдері болмаған жағдайда, Салымшының (Алушының) бастамасы бойынша біржақты тәртіпте;
 - 3) Салымшының (Алушының) жеке зейнетақы шотын ашқан күннен бастап 36 (отыз алты) ай ішінде зейнетақы жинақтары мен зейнетақы жарналарының түсімдері болмаған жағдайда, Қордың бастамасы бойынша біржақты тәртіпте;
 - 4) аударылған зейнетақы жинақтарының қайтарылуы және зейнетақы түсімдері болмауы талабымен зейнетақы жинақтарын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына аударған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні өткен болса;
 - 5) Салымшының (Алушының) жеке зейнетақы шотында ақша болмауы талабымен зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударған күннен бастап 12 (он екі) ай өткен болса;
 - 6) төленген зейнетақы жинақтарының қайтарылуы және зейнетақы түсімдері болмауы талабымен зейнетақы жинақтарын төлеуді жүзеге асырған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні өткен болса;
 - 7) Қордағы Салымшының (Алушының) жеке зейнетақы шотында зейнетақы жинақтары болмауы талабымен ерікті зейнетақы жарналары есебінен жасалған зейнетақы жинақтарын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына аудару туралы өтініш келіп түскен күні бұзылады.

8. Шарттың қолданылу мерзімі

24. Шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.
25. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін Шарт қолданыста болады.

9. Қорытынды ережелер

26. Қазақстан Республикасының соттары Тараптардың Шарт бойынша реттелмеген дауларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарайды.
27. Тараптар Шарттың мәніне қатысты және Шарт бойынша тараптардың қарым-қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндеттенеді.
28. Шарт 4 данада, әрқайсысының заңды күші бірдей, қазақ және орыс тілдерінде екі данадан жасалады.

10. Тараптардың мекенжайлары, деректемелері мен қолдары

ҚОР

(Қордың атауы,
бизнес сәйкестендіру нөмірі

банк деректемелері

Қордың (оның филиалының
немесе Шартты жасасу орны
болып табылатын өзге
бөлімшесінің)
заңды мекенжайы,
телефон нөмірі, факсы, e-mail)

(Қор өкілінің тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса), қолы)

мөр орны (бар болса)

САЛЫМШЫ (АЛУШЫ)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

жеке сәйкестендіру нөмірі

тұрғылықты жері, телефон нөмірі, e-mail)

зейнетақы қағидаларымен танысты:

Салымшының (Алушының) қолы



2-нысан

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы ШАРТТЫҢ ҮЛГІЛІК НЫСАНЫ

_____ қаласы 20____ жылғы «__» _____ № _____

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

(Жарғыға сәйкес атауы, орналасқан жері)

бұдан әрі «Қор» деп аталады,

(Жарғы немесе сенімхат)

негізінде іс-әрекет жасайтын _____

_____ арқылы

(лауазымы, тегі, аты,

әкесінің аты (бар болса))

бір жағынан, және заңды тұлға (немесе жеке тұлға) _____

(Жарғыға сәйкес атауы, орналасқан жері – заңды тұлға үшін,

тегі, аты, әкесінің

аты (бар болса),

туған күні, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжат,

_____ жылғы «__» _____ берілген _____,
(кім) (берген күні) (сериясы, нөмірі) – жеке тұлға үшін

бұдан әрі «Салымшы» деп аталады, _____

(Жарғы немесе сенімхат)

негізінде іс-әрекет жасайтын заңды тұлғаның өкілі _____

_____ арқылы

(лауазымы, тегі, аты,

әкесінің аты (бар болса))

екінші жағынан, және жеке тұлға _____

(тегі, аты, әкесінің

аты (бар болса),

туған күні және тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжат,

_____ жылғы « _____ » _____ берілген _____,
(кім) (берген күні) (сериясы, нөмірі))

_____ жеке сәйкестендіру нөмірі бар, бұдан әрі «Алушы» деп аталады, үшінші жағынан, үшінші тұлғаның пайдасына осы Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) мына төмендегілер жайында жасады:

1. Шарттың мәні

1. Салымшы Шартқа сәйкес Алушының пайдасына ерікті зейнетақы жарналарын енгізеді, ал Қор оларды қабылдауға және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес міндеттерді орындауға міндеттенеді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2. Қор:
 - 1) ерікті зейнетақы жарналарын қабылдауға;
 - 2) Алушыға № _____ жеке зейнетақы шотын ашуға;
 - 3) Алушының зейнетақы жинақтарын және оған жасалған зейнетақы төлемдерінің жеке есебін жүзеге асыруға;
 - 4) Алушының зейнетақы жинақтарына инвестициялық кірісті есептеуге;
 - 5) Алушыға оның сұратуы бойынша жеке зейнетақы шоты ашылған күннен бастап кез келген сұратылған күнге ақы алмай-ақ, оның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты беруге, сондай-ақ «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) 57-бабында көзделген ережелерді ескере отырып, оның зейнетақы жарналары туралы ақпаратқа рұқсат берудің электрондық және өзге тәсілдерін қамтамасыз етуге;
 - 6) Салымшыға Алушының Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген жазбаша келісімі болған кезде Алушының зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат беруге;
 - 7) Шартты жасасу кезінде Салымшыны және Алушыны Қордың зейнетақы қағидаларымен таныстыруға;
 - 8) Алушының сұратуы бойынша Алушының мүддесін қозғайтын барлық өзгерістер туралы, сондай-ақ Қордың зейнетақы қағидаларына енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпарат беруге;
 - 9) Алушының сұратуы бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және инвестициялық портфельді басқару қызметі мәселелері бойынша оған ақысыз консультациялық қызметтер көрсетуге;
 - 10) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 34-бабы 9-тармағының 5) тармақшасына сәйкес зейнетақы активтері есебінен Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға;
 - 11) Алушының зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз етуге;
 - 12) Алушының өтініші бойынша Алушының зейнетақы жинақтарын Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) нормативтік құқықтық



- актілерінде көзделген тәртіпте ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аударуға;
- 13) өзінің деректемелері өзгерген күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде бұл туралы Салымшыға және Алушыға қазақ және орыс тілдеріндегі кемінде 2 (екі) мерзімді баспасөз басылымында хабарландыру жариялау арқылы хабарлауға;
 - 14) Алушы қайтыс болған жағдайда, оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда белгіленген шекте жерлеуге арналған біржолғы төлемді төлеуге;
 - 15) Алушы қайтыс болған жағдайда, оның жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының барлық сомасын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіпте Алушының мұрагеріне (мұрагерлеріне) төлеуге;
 - 16) Қордың міндеттемелерін орындауға ықпал ететін Алушының деректемелері өзгерген жағдайда, автоматтандырылған ақпараттық жүйеге бұл өзгерістерді растайтын құжаттардың негізінде тиісті өзгерістерді енгізуге;
 - 17) Алушы елу жасқа толған жағдайда не Алушы мүгедек болып табылған жағдайда, не Алушы Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін шыққан және Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабына сәйкес зейнетақы жинақтарын алуға құқығы туындаған жағдайда, зейнетақы жинақтарын Шартта белгіленген тәртіпте төлеуді жүзеге асыруға;
 - 18) Салымшыға және Алушыға комиссиялық сыйақының шамасын күнтізбелік жыл басталғанға дейінгі 1 (бір) айдан кешіктірмей, қазақ және орыс тілдеріндегі кемінде 2 (екі) баспасөз басылымында жария ету арқылы хабарлауға міндетті.
3. Қор:
- 1) шекті шамадан аспайтын мөлшерде және Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 53-бабында белгіленген тәртіпте комиссиялық сыйақы алуға;
 - 2) зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте сотта Салымшының және Алушының мүддесін білдіруге;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Салымшының және Алушының құқықтарына қысым жасамайтын және төмендетпейтін өзге құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.
4. Салымшы ерікті зейнетақы жарналарын
-
- (ай сайын, тоқсан сайын,
-
- жыл сайын, біржолғы немесе тараптардың келісімі бойынша)
-
- мөлшерде енгізеді _____.
5. Алушы Қордың міндеттемелерді орындауына ықпал ететін барлық өзгерістер туралы олар басталған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде растайтын құжаттарды ұсына отырып, Қорға хабарлауға міндетті.
6. Алушы:
- 1) Қордың зейнетақы қағидаларымен танысуға;
 - 2) өзінің зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты алуға;
 - 3) Қордан жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару қызметі мәселелері бойынша өтеусіз консультациялық қызметтер алуға;
 - 4) зейнетақы жинақтарын Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіпте ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аударуға;
 - 5) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабына сәйкес құқық туындаған кезде Шартта белгіленген тәртіпте Қордан зейнетақы төлемдерін алуға;
 - 6) өзінің зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіпте мұраға қалдыруға;
 - 7) Қордың іс-әрекетіне сот тәртібінде шағым жасауға құқылы.
7. Салымшы:
- 1) Алушының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген жазбаша келісімі негізінде Алушының зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алуға;
 - 2) Қордың іс-әрекетіне сот тәртібінде шағым жасауға құқылы.

3. Ерікті зейнетақы жарналарын енгізу, зейнетақы жинақтарын аудару және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

8. Ерікті зейнетақы жарналары Шарттың 4-тармағында белгіленген мерзімдерде және мөлшерде енгізіледі.
9. Зейнетақы төлемдері Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабына сәйкес жүргізіледі. Алушы мен Қор зейнетақы төлемдерін алу тәртібін Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісім жасау арқылы дербес айқындайды.
10. Зейнетақы жинақтарын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аудару тәртібі мен талаптары Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген.

4. Қордың сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, Алушының зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

11. Қор Алушыға ұсынатын зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы жыл сайынғы міндетті ақпаратта ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы туралы, оның ішінде:
 - 1) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, Қорға зейнетақы жарналарының, өсімпұлдың, зейнетақы жинақтары аударымдарының сомасы;
 - 2) сұратылатын кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы және есептелген инвестициялық кіріс сомасы;
 - 3) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 53-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен және сұратылатын кезеңнің соңында қолданыстағы инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақының және зейнетақы активтерінің шамасы;
 - 4) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, Қордан зейнетақы төлемдерінің және (немесе) зейнетақы жинақтары аударымдарының және (немесе) ұсталған жеке табыс салығының сомасы;
 - 5) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотында көрсетілетін өзге де операциялардың сомасы туралы мәліметтер қамтылады.
12. Егер Алушының сұратуында өзгеше көрсетілмесе, Алушының сұратуы бойынша ол сұратқан кез келген күндегі Қор ұсынатын ақпаратта Шарттың 11-тармағында аталған, сұратылатын кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша жасалған мәліметтер қамтылады.
13. Қор Алушыны зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы жыл сайынғы міндетті хабарлауды, сондай-ақ оның сұратуы бойынша кез келген сұратылған күні хабарлауды ақысыз жүргізеді.
14. Алушының өтініші бойынша жыл сайынғы міндетті хабарлау байланыс құралдары (почта, электрондық почта және Қордың зейнетақы қағидаларында көзделген басқа байланыс құралдары) арқылы немесе Алушы жеке өтініш жасаған кезде жүргізіледі.

5. Тараптардың міндеттемелерді орындамаған жағдайдағы жауапкершілігі

15. Тараптар Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жауапкершілік атқарады.
16. Қордың кінәсінен зейнетақы жинақтарын аударуды кешіктірген жағдайда, Қор Алушының пайдасына аударылуға жататын зейнетақы жинақтарының сомасына әрбір кешіктірілген күнге (аударым жасау күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.



17. Қор зейнетақы төлемдерін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін құқықтары бұзылған адамның пайдасына төлемдер сомасына әрбір кешіктірілген күнге (төлем жүргізу күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.
18. Өсімпұлды төлеу Қорды зейнетақы жинақтары аударымы (зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру) бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.
19. Шартта реттелмеген жауапкершілік мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

6. Еңсерілмейтін күш салдарынан міндеттемелерді орындамаған жағдайда тараптардың жауапкершілігі

20. Егер еңсерілмейтін күш салдарынан тиісінше орындауға мүмкін болмаса, Шарттың тараптары Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.
21. Өрт, су тасқыны, зілзала, табиғи апаттар, қоршауда қалу, ереуілдер, әскери іс-қимылдар, террорлық актілер және тараптар болжай алмаған және Шарттың орындалуына тікелей әсер еткен осыған ұқсас өзге де жағдайлар еңсерілмейтін күш жағдайлары болып табылады.
22. Қор Салымшының немесе Алушының сұратуы бойынша Шарттың 21-тармағында көрсетілген жағдайлардың туындағанын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

7. Шартты өзгерту немесе бұзу тәртібі мен талаптары

23. Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей айқындалмаған және енгізілуі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ережелер бойынша ғана жазбаша түрде өзгертіледі және толықтырылады.
24. Шарт:
 - 1) заңды күшіне енгізілген сот шешімінің негізінде;
 - 2) Шарт бойынша зейнетақы жинақтары мен зейнетақы жарналарының түсімдері болмаған жағдайда, Салымшының немесе Алушының бастамасы бойынша біржақты тәртіпте;
 - 3) Алушының жеке зейнетақы шотын ашқан күннен бастап 36 (отыз алты) ай ішінде зейнетақы жинақтары мен зейнетақы жарналарының түсімдері болмаған жағдайда, Қордың бастамасы бойынша біржақты тәртіпте;
 - 4) аударылған зейнетақы жинақтарының қайтарылуы және зейнетақы түсімдері болмауы талабымен зейнетақы жинақтарын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына аударған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні өткен болса;
 - 5) Алушының жеке зейнетақы шотында ақша болмауы талабымен зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударған күннен бастап 12 (он екі) ай өткен болса;
 - 6) төленген зейнетақы жинақтарының қайтарылуы және зейнетақы түсімдері болмауы талабымен зейнетақы жинақтарын төлеуді жүзеге асырған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні өткен болса;
 - 7) Қордағы Алушының жеке зейнетақы шотында зейнетақы жинақтары болмауы талабымен ерікті зейнетақы жарналары есебінен жасалған зейнетақы жинақтарын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына аудару туралы өтініш келіп түскен күні бұзылады.

8. Шарттың қолданылу мерзімі

25. Шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.
26. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін Шарт қолданыста болады.

9. Қорытынды ережелер

27. Қазақстан Республикасының соттары Тараптардың Шарт бойынша реттелмеген дауларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарайды.
28. Тараптар Шарттың мәніне қатысты және Шарт бойынша тараптардың қарым-қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндеттенеді.
29. Шарт 4 данада, әрқайсысының заңды күші бірдей, қазақ және орыс тілдерінде екі данадан жасалады.

10. Тараптардың мекенжайлары, деректемелері мен қолдары

ҚОР	САЛЫМШЫ
_____ (Қордың атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)	_____ (заңды тұлға үшін – атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)
_____ банк деректемелері	_____ банк деректемелері
_____ Қордың (оның филиалының немесе Шартты жасасу орны болып табылатын өзге бөлімшесінің) заңды мекенжайы, телефон нөмірі, факсы, e-mail)	_____ орналасқан жері, телефон нөмірі, факсы, e-mail)
_____ (Қор өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы) мөр орны (бар болса)	_____ (жеке тұлға үшін – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
	_____ жеке сәйкестендіру нөмірі
	_____ тұрғылықты жері, телефон нөмірі, e-mail) зейнетақы қағидаларымен танысты:
	_____ Салымшының қолы
	_____ мөр орны (бар болса – заңды тұлға үшін)
АЛУШЫ	
_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))	
_____ жеке сәйкестендіру нөмірі	
_____ тұрғылықты жері, телефон нөмірі, e-mail) зейнетақы қағидаларымен танысты:	
_____ Алушының қолы	



Өзгерістер мен толықтыру енгізілетін
Қазақстан Республикасының зейнетақымен
қамсыздандыру және бағалы қағаздар
нарығын реттеу мәселелері бойынша
нормативтік құқықтық актілерінің
тізбесіне 3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2015 жылғы 17 шілдедегі
№ 137 қаулысына 3-қосымша
1-нысан

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорымен ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы ШАРТТЫҢ ҮЛГІЛІК НЫСАНЫ

_____ қаласы 20 ____ жылғы « ____ » _____ № _____

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры

(Жарғыға сәйкес атауы, орналасқан жері)

бұдан әрі «Қор» деп аталады,

(Жарғы немесе сенімхат)

және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға _____ жылғы « ____ » _____ берілген № _____ лицензиясы негізінде іс-әрекет жасайтын _____

_____ арқылы

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің

_____ аты (бар болса))

бір жағынан, және жеке тұлға _____

_____ (тегі, аты, әкесінің

_____ аты (бар болса),

_____ туған күні, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжат,

_____ жылғы «___» _____ берілген _____,
(кім) (берген күні) (сериясы, нөмірі)

_____ жеке сәйкестендіру нөмірі бар, бұдан әрі «Салымшы (Алушы)» деп аталады, екінші жағынан, осы Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) мына төмендегілер жайында жасасты:

1. Шарттың мәні

1. Салымшы (Алушы) Шартқа сәйкес ерікті зейнетақы жарналарын енгізеді, ал Қор оларды қабылдауға және міндеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес орындауға міндеттенеді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2. Қор:
 - 1) ерікті зейнетақы жарналарын қабылдауға;
 - 2) Салымшыға (Алушыға) № _____ жеке зейнетақы шотын ашуға;
 - 3) Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарын және оған жасалған төлемдердің жеке есебін жүзеге асыруға;
 - 4) Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарына инвестициялық кірісті есептеуге;
 - 5) Салымшыға (Алушыға) жылына кемінде 1 (бір) рет, сондай-ақ кез келген сұратылған күніне, оның сұратуы бойынша оның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты беруге және Салымшымен (Алушымен), сондай-ақ үшінші тұлғамен келісім бойынша «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) 57-бабында көзделген талаптарды ескеріп, оның зейнетақы жинақтары туралы ақпаратқа кірудің электрондық және өзге тәсілдерін қамтамасыз етуге;
 - 6) Шартты жасасу кезінде, сондай-ақ Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша Қордың зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан банктің атауы және орналасқан орны туралы, сондай-ақ Қордың акционерлері туралы мәліметтерді Шарттың 6-тармағының 1) тармақшасында белгіленген көлемде беруге;
 - 7) Шартты жасасу кезінде Салымшыны (Алушыны) Қордың зейнетақы қағидаларымен таныстыруға;
 - 8) Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша Салымшының (Алушының) мүддесін қозғайтын барлық өзгерістер туралы, кастодиан-банктің ауысқаны туралы ақпаратты, сондай-ақ Қордың зейнетақы қағидаларына енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпаратты беруге;
 - 9) Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметтің мәселелері бойынша оған консультациялық қызметтер көрсетуге;
 - 10) Салымшының (Алушының) өтініші бойынша эмитенттердің атауын, қаржы құралдарының түрін, қаржы құралдарының саны мен ағымдағы құнын, осы қаржы құралдарына инвестициялар мөлшерінің Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына пайыздық арақатынасын көрсете отырып, Қордың зейнетақы активтері есебінен инвестициялық портфелінің құрылымы туралы ақпаратты, сондай-ақ Қордың зейнетақы қағидаларында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде Салымшының (Алушының) өтінішінде көрсетілген қосымша ақпаратты ұсынуға;
 - 11) мына:
 - уәкілетті органнан қайта ұйымдастырылуға рұқсатты алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі 2 (екі) баспа басылымдарында хабарландыруды жария ету арқылы алдағы қайта ұйымдастырылу;
 - уәкілетті органға ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияны ерікті түрде қайтаруға өтініш берген күнге дейін күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын қазақ және орыс тілдеріндегі кезеңдік баспа басылымдарында хабарландыруды жариялау арқылы лицензияны ерікті түрде қайтарған;
 - уәкілетті органнан Қордың лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру немесе одан айыру туралы шешім алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Қордың интернет-ресурсында



- хабарландыруды жариялау арқылы Қордың лицензиясының қолданылуын тоқтата тұрған немесе Қорды лицензиясынан айырған жағдайларда Салымшыны (Алушыны) хабардар етуге;
- 12) Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;
 - 13) Салымшының (Алушының) өтініші бойынша Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарын Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіпте ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аударуға;
 - 14) өзінің деректемелері өзгерген күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде бұл туралы Салымшыға (Алушыға) қазақ және орыс тілдеріндегі кемінде 2 (екі) мерзімді баспасөз басылымында хабарландыру жариялау арқылы хабарлауға;
 - 15) Салымшы (Алушы) қайтыс болған жағдайда, оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда белгіленген шекте жерлеуге арналған біржолғы төлемді төлеуге;
 - 16) Салымшы (Алушы) қайтыс болған жағдайда, оның жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының барлық сомасын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіпте Салымшының (Алушының) мұрагеріне (мұрагерлеріне) төлеуге;
 - 17) Қордың міндеттемелерін орындауға ықпал ететін Салымшының (Алушының) деректемелері өзгерген жағдайда, автоматтандырылған ақпараттық жүйеге бұл өзгерістерді растайтын құжаттардың негізде тиісті өзгерістерді енгізуге;
 - 18) Салымшы (Алушы) елу жасқа толған жағдайда не Салымшы (Алушы) мүгедек болып табылған жағдайда, не Салымшы (Алушы) Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін шыққан және Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабына сәйкес зейнетақы жинақтарын алуға құқығы туындаған жағдайда, зейнетақы жинақтарын Шартта белгіленген тәртіпте зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру күнінде төлеуге міндетті.

3. Қор:

- 1) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 53-бабында белгіленген шекті шамадан аспайтын мөлшерде комиссиялық сыйақы алуға құқылы;
- 2) зейнетақымен қамсыздандыру туралы мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте сотта Салымшының (Алушының) жазбаша өтініші бойынша мүддесін білдіруге құқылы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Салымшының (Алушының) құқықтарына қысым жасамайтын және төмендетпейтін өзге құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.
Инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақының шамасы ____% құрайды (шартты жасасу күнінде). Зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақының шамасы ____% құрайды (шартты жасасу күнінде). Бір айда қалыптасқан теріс есептелген инвестициялық кіріс кезінде инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы алынбайды. Бір айдағы комиссиялық сыйақының сомасы Қордың және кастодиан банктің уәкілетті өкілдері қол қойған салыстырып тексеру актісінің негізінде Қордың ағымдағы шотына аударылуға жатады.

4. Салымшы (Алушы) ерікті зейнетақы жарналарын

(ай сайын, тоқсан

сайын, жыл сайын, біржолғы немесе тараптардың келісімі бойынша) мөлшерде енгізеді.

5. Салымшы (Алушы) Қордың міндеттемелерін орындауына ықпал ететін барлық өзгерістер туралы олар басталған күннен бастап күнтізбелік 10 (он күн) ішінде растайтын құжаттарды ұсына отырып, Қорға хабарлауға міндетті.
6. Салымшы (Алушы):
 - 1) Шарт жасалған кезде, сондай-ақ жазбаша сұрату бойынша кез келген сұратылған күніне Қордың зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан банктің атауы мен нақты орналасқан жері туралы, сондай-ақ Қордың акционерлері туралы мынадай: жеке тұлғаға қатысты: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), азаматтығы, қатысу үлесі (пайызбен); заңды тұлғаға қатысты: толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері (почта индексі, қаласы, көшесі, үйдің нөмірі, телефон нөмірі, факс, электрондық мекенжайы), мемлекеттік тіркеу (қайта

- тіркеу) туралы деректері, бірінші басшысы туралы ақпарат (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қатысу үлесі (пайызбен) көлеміндегі ақпаратты алуға;
- 2) Қордың зейнетақы қағидаларымен танысуға;
 - 3) өзінің зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты алуға;
 - 4) Қордан жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмысы және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет мәселелері бойынша консультациялық қызметтер алуға;
 - 5) зейнетақы жинақтарын Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіпте басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аударуға;
 - 6) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабына сәйкес құқық туындаған кезде Шартта белгіленген тәртіпте Қордан зейнетақы төлемдерін төлемдерді жүзеге асыру күнінде алуға;
 - 7) өзінің зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіпте мұраға қалдыруға;
 - 8) Қордың іс әрекетіне сот тәртібінде шағым жасауға құқылы.

3. Ерікті зейнетақы жарналарын енгізу, зейнетақы жинақтарын аудару және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

7. Ерікті зейнетақы жарналары Шарттың 4-тармағында белгіленген мерзімдерде және мөлшерде төленеді.
8. Зейнетақы төлемдері Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабына сәйкес жүргізіледі. Тараптар зейнетақы төлемдерін алу тәртібін Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісім жасау арқылы дербес айқындайды.
9. Зейнетақы жинақтарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аудару тәртібі Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген.

4. Қордың сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, Салымшының (Алушының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

10. Қор Салымшыға (Алушыға) ұсынатын зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы жыл сайынғы міндетті ақпаратта ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы туралы, оның ішінде:
 - 1) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, Қорға жасалған зейнетақы жарналарының, өсімпұлдардың, зейнетақы жинақтары аударымдарының сомасы;
 - 2) сұратылатын кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы және есептелген инвестициялық кіріс сомасы;
 - 3) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, Қордан жасалған зейнетақы төлемдерінің және (немесе) зейнетақы жинақтары аударымдарының және (немесе) ұсталған жеке табыс салығының сомасы;
 - 4) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, Салымшының (Алушының) жеке зейнетақы шотында көрсетілетін өзге де операциялардың сомасы туралы мәліметтер қамтылады.
11. Егер Салымшының (Алушының) сұратуында өзгеше көзделмесе, Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша ол сұратқан кез келген күндегі Қор ұсынатын ақпаратта Шарттың 10-тармағында аталған, сұратылатын кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша жасалған мәліметтер қамтылады.
12. Қор Салымшыны (Алушыны) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы жыл сайынғы міндетті хабарлауды, сондай-ақ оның сұратуы бойынша кез келген сұратылған күні хабарлауды ақысыз жүргізеді.
13. Салымшының (Алушының) өтініші бойынша жыл сайынғы міндетті хабарлау байланыс құралдары (почта, электрондық почта және Қордың зейнетақы қағидаларында көзделген басқа байланыс құралдары) арқылы немесе Салымшы (Алушы) жеке өтініш жасаған кезде жүргізіледі.



5. Тараптардың міндеттемелерді орындамаған жағдайдағы жауапкершілігі

14. Тараптар Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жауапкершілік атқарады.
15. Қордың кінәсінен зейнетақы жинақтарын аударуды кешіктірген жағдайда, Қор Салымшының (Алушының) пайдасына аударылуға жататын зейнетақы жинақтарының сомасына әрбір кешіктірілген күнге (аударым жасау күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.
16. Қор зейнетақы төлемдерін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін құқықтары бұзылған адамның пайдасына төлемдер сомасына әрбір кешіктірілген күнге (төлем жүргізу күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл төлеуі міндетті.
17. Өсімпұлды төлеу Қорды зейнетақы жинақтарын аудару (зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру) бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.
18. Шартта реттелмеген жауапкершілік мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

6. Еңсерілмейтін күш салдарынан міндеттемелерді орындамаған жағдайда тараптардың жауапкершілігі

19. Егер тиісінше орындау еңсерілмейтін күш салдарынан мүмкін болмаса, Шарттың тараптары Шарт бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.
20. Өрт, су тасқыны, зілзала, табиғи апаттар, қоршауда қалу, ереуілдер, әскери іс-қимылдар, террорлық актілер және тараптар болжай алмаған және Шарттың орындалуына тікелей әсер еткен осыған ұқсас өзге де жағдайлар еңсерілмейтін күш жағдайлары болып табылады.
21. Қор Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша Шарттың 20-тармағында көрсетілген жағдайлардың туындағанын растайтын құжаттардың көшірмелерін береді.

7. Шартты өзгерту немесе бұзу тәртібі мен талаптары

22. Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей айқындалмаған және енгізілуі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ережелер бойынша ғана жазбаша түрде өзгертіледі және толықтырылады.
23. Шарт:
 - 1) заңдық күшіне енгізілген сот шешімінің негізінде;
 - 2) Шарт бойынша зейнетақы жинақтары мен зейнетақы жарналарының түсімдері болмаған жағдайда, Салымшының (Алушының) бастамасы бойынша бір жақты тәртіпте;
 - 3) Салымшының (Алушының) жеке зейнетақы шотын ашқан күннен бастап 36 (отыз алты) ай ішінде зейнетақы жинақтары мен зейнетақы жарналарының түсімдері болмаған жағдайда, Қордың бастамасы бойынша бір жақты тәртіпте;
 - 4) аударылған зейнетақы жинақтарының қайтарылуы және зейнетақы түсімдері болмаған жағдайда зейнетақы жинақтарын басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына аударған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні өтуі бойынша;
 - 5) Салымшының (Алушының) жеке зейнетақы шотында ақша болмауы талабымен зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударған күннен бастап 12 (он екі) ай өтуі бойынша;
 - 6) төленген зейнетақы жинақтарының қайтарылуы және зейнетақы түсімдері болмауы талабымен зейнетақы жинақтарын төлеуді жүзеге асырған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні өтуі бойынша;

- 7) Қордағы Салымшының (Алушының) жеке зейнетақы шотында зейнетақы жинақтары болмауы талабымен ерікті зейнетақы жарналары есебінен жасалған зейнетақы жинақтарын басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына аудару туралы өтініш келіп түскен күні бұзылады.

8. Шарттың қолданылу мерзімі

24. Шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енгізіледі.
25. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін Шарт қолданыста болады.

9. Қорытынды ережелер

26. Қазақстан Республикасының соттары Тараптардың Шарт бойынша реттелмеген дауларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарайды.
27. Тараптар Шарттың мәніне қатысты және Шарт бойынша тараптардың қарым-қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндеттенеді.
28. Шарт 4 данада, әрқайсысының заңды күші бірдей, қазақ және орыс тілдерінде екі данадан жасалады.

10. Тараптардың деректемелері мен қолдары

ҚОР

САЛЫМШЫ (АЛУШЫ)

(Қордың атауы,
бизнес сәйкестендіру нөмірі

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

банк деректемелері

жеке сәйкестендіру нөмірі

Қордың (оның филиалының немесе Шартты
жасасу орны болып табылатын өзге бөлімшесінің)
заңды мекенжайы, телефон нөмірі, факсы, e-mail)

тұрғылықты жері, телефон нөмірі, e-mail)
зейнетақы қағидаларымен танысты:

(Қор өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),
қолы)

Салымшының (Алушының) қолы

мөр орны (бар болса)



2-нысан

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорымен ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы ШАРТТЫҢ ҮЛГІЛІК НЫСАНЫ

_____ қаласы 20____ жылғы «__» _____ № _____

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры

(Жарғыға сәйкес атауы, орналасқан жері)

бұдан әрі «Қор» деп аталады, _____

(Жарғы немесе сенімхат)

және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға _____ жылғы «__» _____ № _____ лицензиясы негізінде іс-әрекет жасайтын _____

_____ арқылы

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар

_____ болса))

бір жағынан, және заңды тұлға (немесе жеке тұлға) _____

(Жарғыға сәйкес атауы, орналасқан жері – заңды тұлға үшін,

тегі, аты, әкесінің аты (бар

болса),

туған күні, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжат,

_____ жылғы «__» _____ берілген _____,

(кім)

(берген күні) (сериясы, нөмірі) – жеке тұлға үшін)

бұдан әрі «Салымшы» деп аталады, _____

(Жарғы немесе сенімхат)

негізінде іс-әрекет жасайтын заңды тұлғаның өкілі _____

_____ арқылы

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар

болса))

екінші жағынан, және жеке тұлға _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар

болса),

туған күні және тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжат,

_____ жылғы « _____ » _____ берілген _____,
(кім) (берген күні) (сериясы, нөмірі))

_____ жеке сәйкестендіру нөмірі бар, бұдан әрі «Алушы» деп аталады, үшінші жағынан, үшінші тұлғаның пайдасына осы Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) мына төмендегілер жайында жасады:

1. Шарттың мәні

1. Салымшы Шартқа сәйкес Алушының пайдасына ерікті зейнетақы жарналарын енгізеді, ал Қор оларды қабылдауға және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарт талаптарына сәйкес міндеттерді орындауға міндеттенеді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2. Қор:
 - 1) ерікті зейнетақы жарналарын қабылдауға;
 - 2) Алушыға № _____ жеке зейнетақы шотын ашуға;
 - 3) Алушының зейнетақы жинақтарының және оған жасалған зейнетақы төлемдерінің жеке есебін жүзеге асыруға;
 - 4) Алушының зейнетақы жинақтарына инвестициялық кірісті есептеуге;
 - 5) Алушыға жылына кемінде 1 (бір) рет, сондай-ақ оның сұратуы бойынша кез келген сұратылған күні оның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты беруге және Алушыға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) 57-бабында көзделген талаптарды ескере отырып, Алушымен келісім бойынша оның зейнетақы жинақтары туралы ақпаратқа қол жеткізудің электрондық және өзге тәсілдерін қамтамасыз етуге;
 - 6) Шарт жасасқан кезде, сондай-ақ Салымшының және (немесе) Алушының сұратуы бойынша Қордың зейнетақы активтерін сақтауды және есебін жүргізуді жүзеге асыратын кастодиан банктің атауы және орналасқан жері туралы, сондай-ақ Қордың акционерлері туралы Шарттың 6-тармағының 1) тармақшасында белгіленген көлемдегі мәліметтерді беруге;
 - 7) Салымшыға Алушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген жазбаша келісімі болған кезде Алушының зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат беруге;
 - 8) Шартты жасасу кезінде Салымшыны және Алушыны Қордың зейнетақы қағидаларымен таныстыруға;
 - 9) Алушының сұратуы бойынша Алушының мүддесін қозғайтын барлық өзгерістер туралы ақпарат, сондай-ақ Қордың зейнетақы қағидаларына енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпарат беруге;
 - 10) Алушының сұратуы бойынша оған жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсетуге;
 - 11) Алушының өтініші бойынша эмитенттердің атауын, қаржы құралдарының түрін, қаржы құралдарының саны мен ағымдағы құнын, Қордың зейнетақы активтерінің жалпы сомасына аталған қаржы



құралдарына салынған инвестициялар мөлшерінің пайыздық ара қатынасын көрсете отырып, Қордың зейнетақы активтері есебінен инвестициялық портфелінің құрылымы туралы ақпаратты, сондай-ақ Алушының өтінішінде көрсетілген қосымша ақпаратты Қордың зейнетақы қағидаларында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде беруге;

- 12) Салымшыны және Алушыны мына жағдайларда:
 - алда болатын қайта ұйымдастыру туралы уәкілетті органның қайта ұйымдастыруға рұқсатын алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде 2 (екі) баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде хабарландыруды жариялау арқылы;
 - лицензияны ерікті түрде қайтару туралы уәкілетті органға ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияны ерікті түрде қайтаруға өтінішті уәкілетті органға берген күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде хабарландыруды жариялау арқылы;
 - Қор лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру немесе Қорды лицензиясынан айыру (оның ішінде қызметінің жекелеген түрлері (шағын түрлері бойынша) туралы уәкілетті органның Қор лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру немесе Қорды лицензиясынан айыру туралы шешімін алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Қордың интернет-ресурсына хабарландыруды жариялау арқылы хабардар етуге;
- 13) Алушының зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз етуге;
- 14) Алушының сұратуы бойынша Алушының зейнетақы жинақтарын Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аударуға;
- 15) өзінің деректемелері өзгерген күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде бұл туралы Салымшыға және Алушыға қазақ және орыс тілдеріндегі кемінде 2 (екі) мерзімдік баспасөз басылымында хабарландыру жариялау арқылы хабарлауға;
- 16) Алушы қайтыс болған жағдайда оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда белгіленген шектерде жерлеуге арналған біржолғы төлемді төлеуге;
- 17) Алушы қайтыс болған жағдайда, оның жеке зейнетақы шотындағы барлық соманы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен Алушының мұрагеріне (мұрагерлеріне) төлеуге;
- 18) Қордың міндеттемелерді орындауына ықпал ететін Алушының деректемелері өзгерген жағдайда, осы өзгерістерді растайтын құжаттардың негізінде автоматтандырылған ақпарат жүйесіне тиісті өзгерістер енгізуге;
- 19) Алушы елу жасқа толған жағдайда, не Алушы мүгедек болып табылған жағдайда, не Алушы Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге тұрақты тұруға кететін және Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабына сәйкес зейнетақы жинақтарын алу құқығы туындаған жағдайда, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру күні Шартта белгіленген тәртіппен зейнетақы жинақтарын төлеуді жүзеге асыруға міндетті.

3. Қор:

- 1) шекті шамадан аспайтын мөлшерде және Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 53-бабында белгіленген тәртіппен комиссиялық сыйақы алуға;
 - 2) зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Салымшының сот органдарына берген жазбаша өтініші бойынша оның мүдделерін білдіруге;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Алушының құқықтарына қысым жасамайтын және төмендетпейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.
- Инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақының шамасы (шарт жасасқан күні) ___ %-ды құрайды. Зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақының шамасы (шарт жасасқан күні) айына ___ %-ды құрайды.

Бір айда есептелген теріс инвестициялық кіріс қалыптасқан кезде инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы алынбайды. Бір айдағы комиссиялық сыйақының сомасы Қордың және кастодиан банктің уәкілетті өкілдері қол қойған салыстырып тексеру актісінің негізінде Қордың ағымдағы шотына аударылуы тиіс.

4. Салымшы ерікті зейнетақы жарналарын

(ай сайын, тоқсан

_____сайын, жыл сайын, біржолғы немесе тараптардың келісімі бойынша) мөлшерінде енгізеді.

5. Алушы Қордың міндеттемелерді орындауына ықпал ететін барлық өзгерістері туралы олар басталған күннен бастап күнтізбелік 10 (он күн) ішінде, растайтын құжаттарын ұсына отырып, Қорға хабарлауға міндетті.

6. Алушы:

1) Шарт жасасқан кезде, сондай-ақ кез келген сұрау салынатын күні жазбаша сұрату бойынша Қордың зейнетақы активтерін сақтауды және есебін жүргізуді жүзеге асыратын кастодиан банктің атауы және нақты орналасқан жері туралы, сондай-ақ Қордың акционерлері туралы ақпаратты мынадай көлемде:

жеке тұлғаға қатысты: тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), азаматтығы, қатысу үлесі (пайызбен);

заңды тұлғаға қатысты: толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері (почта индексі, қала, көше, үйдің нөмірі, телефон, факс, электрондық адрес), мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы деректерді, бірінші басшысы (тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), қатысу үлесі (пайызбен) туралы деректерді алуға;

2) Қордың зейнетақы қағидаларымен танысуға;

3) өзінің зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты алуға;

4) Қордан жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмысы және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет мәселелері бойынша консультациялық қызметтер алуға;

5) зейнетақы жинақтарын Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен басқа ерікті зейнетақы жинақтаушы қорына, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аударуға;

6) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабына сәйкес зейнетақы жинақтарын алу құқығы туындаған жағдайда, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру күні Шартта белгіленген тәртіппен Қордан зейнетақы төлемдерін алуға;

7) өзінің зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдыруға;

8) Қордың іс-әрекетіне сот тәртібінде шағым жасауға құқылы.

7. Салымшы:

1) Алушының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген жазбаша келісімі негізінде оның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алуға;

2) Қордың іс-әрекетіне сот тәртібінде шағымдануға құқылы.

3. Ерікті зейнетақы жарналарын енгізу, зейнетақы жинақтарын аудару және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

8. Ерікті зейнетақы жарналары Шарттың 4-тармағында белгіленген мерзімдерде және мөлшерде енгізіледі.

9. Зейнетақы төлемдері Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 33-бабына сәйкес жүргізіледі. Алушы мен Қор зейнетақы төлемдерін алу тәртібін Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісім жасау арқылы дербес айқындайды.

10. Зейнетақы жинақтарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аудару тәртібі Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген.



4. Қордың сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, Алушының зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

11. Қор Алушыға ұсынатын зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы жыл сайынғы міндетті ақпаратта ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы туралы, оның ішінде:
 - 1) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, Қорға жасалған зейнетақы жарналарының, өсімпұлдардың, зейнетақы жинақтары аударымдарының сомасы;
 - 2) сұратылатын кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы және есептелген инвестициялық кіріс сомасы;
 - 3) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, Қордан жасалған зейнетақы төлемдерінің және (немесе) зейнетақы жинақтары аударымдарының және (немесе) ұсталған жеке табыс салығының сомасы;
 - 4) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотында көрсетілетін өзге операциялардың сомасы туралы мәліметтер қамтылады.
12. Егер Алушының сұратуында өзгеше көзделмесе, Алушының сұратуы бойынша ол сұратқан кез келген күндегі Қор ұсынатын ақпаратта Шарттың 11-тармағында аталған, сұрау салынатын кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша жасалған мәліметтер қамтылады.
13. Қор Алушыға зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы жыл сайынғы міндетті хабарлауды, сондай-ақ оның сұратуы бойынша кез келген сұрау салынған күні хабарлауды ақысыз жүргізеді.
14. Алушының өтініші бойынша жыл сайынғы міндетті хабарлау байланыс құралдары (почта, электрондық почта және Қордың зейнетақы қағидаларында көзделген басқа байланыс құралдары) арқылы немесе Алушы жеке өтініш жасаған кезде жүргізіледі.

5. Тараптардың міндеттемелерді орындамаған жағдайдағы жауапкершілігі

15. Тараптар Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапкершілік атқарады.
16. Қордың кінәсінен зейнетақы жинақтарын аударуды кешіктірген жағдайда, Қор Алушының пайдасына аударылуға жататын зейнетақы жинақтары сомасына әрбір кешіктірілген күнге (аударым жасау күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.
17. Қор зейнетақы төлемдерін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін құқықтары бұзылған адамның пайдасына жасалатын төлемдер сомасына әрбір кешіктірілген күнге (төлем жүргізу күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.
18. Өсімпұлды төлеу Қорды зейнетақы жинақтарын аудару (зейнетақы төлемдерін жүргізу) бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.
19. Шартта реттелмеген жауапкершілік мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

6. Еңсерілмейтін күш салдарынан міндеттемелерді орындамаған жағдайда тараптардың жауапкершілігі

20. Егер тиісінше орындау еңсерілмейтін күш салдарынан мүмкін болмаса, Шарттың тараптары Шарт бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.
21. Өрт, су тасқыны, зілзала, табиғи апаттар, қоршауда қалу, ереуілдер, әскери іс-қимылдар, террорлық актілер және тараптар болжай алмаған және Шарттың орындалуына тікелей әсер еткен осыған ұқсас өзге де жағдайлар еңсерілмейтін күш жағдайлары болып табылады.
22. Қор Салымшының (Алушының) сұратуы бойынша Шарттың 21-тармағында көрсетілген жағдайлардың туындағанын растайтын құжаттардың көшірмелерін береді.

7. Шартты өзгерту немесе бұзу тәртібі мен талаптары

23. Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей айқындалмаған және енгізілуі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ережелер бойынша ғана жазбаша түрде өзгертіледі және толықтырылады.
24. Шарт:
 - 1) заңдық күшіне енген сот шешімінің негізінде;
 - 2) Шарт бойынша зейнетақы жинақтары және зейнетақы жарналарының түсімдері болмаған жағдайда, Салымшының немесе Алушының бастамасы бойынша біржақты тәртіпте;
 - 3) Алушының жеке зейнетақы шотын ашқан күннен бастап 36 (отыз алты) ай ішінде зейнетақы жинақтары мен зейнетақы жарналарының түсімдері болмаған жағдайда, Қордың бастамасы бойынша біржақты тәртіпте;
 - 4) аударылған зейнетақы жинақтарының қайтарылуы және зейнетақы түсімдерінің болмауы талабымен зейнетақы жинақтарын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына аударған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінің өтуі бойынша;
 - 5) Алушының жеке зейнетақы шотында ақшаның болмауы талабымен зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударған күннен бастап 12 (он екі) айдың өтуі бойынша;
 - 6) төленген зейнетақы жинақтарының қайтарылуы және зейнетақы жарналары түсімдерінің болмауы талабымен зейнетақы жинақтарын төлеуді жүзеге асырған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінің өтуі бойынша;
 - 7) Қордағы Алушының жеке зейнетақы шотында зейнетақы жинақтарының болмауы талабымен ерікті зейнетақы жарналары есебінен жасалған зейнетақы жинақтарын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына аудару туралы өтініш келіп түскен күні бұзылады.

8. Шарттың қолданылу мерзімі

25. Шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.
26. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін Шарт қолданыста болады.

9. Қорытынды ережелер

27. Тараптардың Шарт бойынша реттелмеген дауларын Қазақстан Республикасының соттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарайды.
28. Тараптар Шарттың мәніне қатысты және Шарт бойынша тараптардың қарым-қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндеттенеді.
29. Шарт 4 данада, әрқайсысының заңды күші бірдей, қазақ және орыс тілдерінде екі данадан жасалады.



10. Тараптардың мекенжайлары, деректемелері мен қолдары

ҚОР

(Қордың атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

банк деректемелері

Қордың (оның филиалының немесе Шартты жасасу орны болып табылатын өзге бөлімшесінің) заңды мекенжайы, телефон нөмірі, факсы, e-mail)

(Қор өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы) мөр орны (бар болса)

САЛЫМШЫ

(заңды тұлға үшін – атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

банк деректемелері

орналасқан жері, телефон нөмірі, факсы, e-mail)

(жеке тұлға үшін – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

жеке сәйкестендіру нөмірі

тұрғылықты жері, телефон нөмірі, e-mail) зейнетақы қағидаларымен танысты:

Салымшының қолы

мөр орны (бар болса – заңды тұлға үшін)

АЛУШЫ

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

жеке сәйкестендіру нөмірі

тұрғылықты жері, телефон нөмірі, e-mail) зейнетақы қағидаларымен танысты:

Алушының қолы

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2016 жылғы 14 желтоқсанда № 14525 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2016 жылғы 28 октябрь

№ 259

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.
2. Бағалы қағаздар нарығы департаменті (Хаджиева М.Ж.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;
 - 3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.
5. Осы қаулы, Тізбенің 6-тармағының 2017 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізілетін сегізінші және тоғызыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.



Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 28 қазандағы
№ 259 қаулысына қосымша

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. «Инвестициялық қоры активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарын және өзге мүлікті инвестициялау қағидаларын және акционерлік және пайлық инвестициялық қорлардың құрамына кіретін қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 60 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7540 тіркелген, 2012 жылғы 4 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетінде № 369–374 (27448) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қаржы құралдарын және инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін өзге де мүлікті инвестициялау қағидаларын және акционерлік және инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамына кіруі мүмкін қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы»;

1-тармақта:

1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Қаржы құралдарын және инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін өзге де мүлікті инвестициялау қағидалары»;»;

2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Акционерлік және инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамына кіруі мүмкін қаржы құралдарының тізбесі бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық қоры активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарын және өзге мүлікті инвестициялау қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Қаржы құралдарын және инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін өзге де мүлікті инвестициялау қағидалары»;

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Қаржы құралдарын және инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін өзге де мүлікті инвестициялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Инвестициялық қорлар туралы» 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және акционерлік және инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарын және өзге мүлікті инвестициялау тәртібін белгілейді.»;

6 – тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Басқарушы компания инвестициялық басқарудағы ашық және аралық инвестициялық пай қорларының және жылжымайтын мүлік қорларының активтерін Заңның 37-бабының 3-тармағына сәйкес белгіленген акционерлік және инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамына кіруі мүмкін қаржы құралдарының тізбесіне инвестициялайды.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Инвестициялық қордың активтері есебінен мәмілелер мынадай талаптарды орындау кезінде халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарығында жасалады:

- 1) акцияларды (акциялар олардың базалық активі болып табылатын депозитарлық сенімхаттарды) сатып алу бойынша мәміле Bloomberg немесе Reuters ақпараттық талдау жүйелерінде ұсынылған ақпаратқа сәйкес осы қаржы құралы айналысында болған халықаралық (шетелдік) қор биржаларында мәміле жасау күнінде болған осы қаржы құралы бойынша бағасының барынша көп мәнінен аспайтын баға бойынша жасалады;

- 2) акцияларды (акциялар олардың базалық активі болып табылатын депозитарлық сенімхаттарды) сату бойынша мәміле Bloomberg немесе Reuters ақпараттық талдау жүйелерінде ұсынылған ақпаратқа сәйкес осы қаржы құралдары айналысында болған халықаралық (шетелдік) қор биржаларында мәміле жасау күнінде болған осы қаржы құралы бойынша бағасының ең аз мәнінен аспайтын баға бойынша жасалады;
- 3) борыштық бағалы қағаздар бойынша, principal protected notes қоспағанда, сондай-ақ туынды қаржы құралдары бойынша Bloomberg немесе Reuters ақпараттық талдау жүйелерінен сатып алуға және (немесе) сатуға баға белгілеулердің талдамасы бар не осындай баға белгілеулер болмаған жағдайда әртүрлі үш қарсы әріптестің кем дегенде үш баға белгілеуі болады. Қарсы әріптестің осы қаржы құралы бойынша баға ұсыныстары болмаған жағдайда қарсы әріптестің баға белгілеулерінің жоқтығы немесе қаржы құралына баға белгілеуден бас тартуы туралы хабарламасы мәміле жасау туралы есепке (құжатқа) енгізіледі.»;
2-қосымша осы Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. «Облигациялар ұстаушылар өкілінің өз функциялары мен міндеттерін орындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын, сондай-ақ эмитент пен облигациялар ұстаушылардың өкілі арасында жасалатын облигациялар ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 88 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7568 тіркелген, 2012 жылғы 1 тамызда «Егемен Қазақстан» газетінде № 442–449 (27523) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Облигациялар ұстаушылар өкілінің өз функциялары мен міндеттерін орындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын, сондай-ақ эмитент пен облигациялар ұстаушылардың өкілі арасында жасалатын облигациялар ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптарды және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ақпарат ұсыну мерзімдерін бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Облигациялар ұстаушылар өкілінің өз функциялары мен міндеттерін орындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары, сондай-ақ эмитент пен облигациялар ұстаушылардың өкілі арасында жасалатын облигациялар ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптар және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ақпарат ұсыну мерзімдері бекітілсін.»;
көрсетілген қаулымен бекітілген Облигациялар ұстаушылар өкілінің өз функциялары мен міндеттерін орындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларында, сондай-ақ эмитент пен облигациялар ұстаушылардың өкілі арасында жасалатын облигациялар ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптарында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Облигациялар ұстаушылар өкілінің өз функциялары мен міндеттерін орындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары, сондай-ақ эмитент пен облигациялар ұстаушылардың өкілі арасында жасалатын облигациялар ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптар және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ақпарат ұсыну мерзімдері»;

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Облигациялар ұстаушылар өкілінің өз функциялары мен міндеттерін орындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары, сондай-ақ эмитент пен облигациялар ұстаушылардың өкілі арасында жасалатын облигациялар ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптар және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ақпарат ұсыну мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және облигациялар ұстаушылар өкілінің (бұдан әрі – өкіл) өз функциялары мен міндеттерін орындау тәртібін, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі мен жағдайларын, сондай-ақ эмитент пен өкілдің арасында жасалатын облигациялар ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптарды, сондай-ақ Заңның 20-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес қаржы



нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) ақпарат ұсыну мерзімдерін айқындайды.»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

- «1. Өкіл эмитенттің облигациялар ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындауын бақылауды:
- 1) қаржылық есептілік, оның ішінде жылдық қаржылық есептілік және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған аудиторлық есеп (бар болса) депозитариінің және эмитент шығарған бағалы қағаздар тізіміне енгізілген қор биржасының интернет-ресурстарында орналастырылатын;
 - 2) бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын;
 - 3) эмитент пен өкіл арасында жасалатын облигациялар ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шартта (бұдан әрі – шарт) белгіленген тәртіппен және мерзімде ұсынылатын эмитенттің мерзімдік есептеріндегі;
 - 4) өкілдің сұратуларына сәйкес оған ұсынылатын облигациялар ұстаушылардың алдындағы міндеттемелерді эмитенттің орындауы туралы мәліметтердегі эмитент туралы ақпаратты талдау жолымен жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 1–1-тармақпен толықтырылсын:

«1–1. Өкіл уәкілетті органды және облигациялар ұстаушыларды Заңның 20-бабы 1-тармағының 1), 1–1), 2), 3), 3–1) және 4) тармақшаларына сәйкес өз әрекеттері туралы және осындай әрекеттердің нәтижелері туралы:

- 1) бағалы қағаздары шет мемлекеттің аумағында жұмыс істейтін қор биржасының алаңында айналмайтын эмитенттерге қатысты – тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың соңғы күнтізбелік күнінен кешіктірмей;
- 2) бағалы қағаздары Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының тізіміне енгізілген және шет мемлекеттің аумағында жұмыс істейтін қор биржасының алаңында айналыстағы эмитенттерге қатысты – эмитент осы Қағидалардың 10-тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацында көзделген ақпаратты алған айдан кейінгі айдың соңғы күнтізбелік күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

Уәкілетті органға және облигациялар ұстаушыларға бағалы қағаздары қор биржасында айналмайтын эмитентке қатысты өкілдің өз функциялары мен міндеттерін орындауы туралы ұсынылатын ақпаратта эмитенттің есепті тоқсандағы қаржылық есептілігі қамтылады.

Еншілес ұйымы бар эмитент шоғырландырылған қаржылық есептілік болмаған жағдайда өкілге шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті ұсынады.

Екінші деңгейдегі банк болып табылатын эмитент өкілге Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11160 тіркелген «Екінші деңгейдегі банктердің және ипотекалық ұйымдардың баланстық және баланстан тыс шоттарындағы қалдықтар туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы №74 қаулысына 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жасалған екінші деңгейдегі банктердің және ипотекалық ұйымдардың баланстық шоттарындағы қалдықтар туралы есепті және екінші деңгейдегі банктердің және ипотекалық ұйымдардың баланстан тыс шоттарындағы қалдықтар туралы есепті ұсынады.

Бағалы қағаздары Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының тізіміне енгізілген және шет мемлекеттің аумағында жұмыс істейтін қор биржасының алаңында айналыстағы эмитент эмитенттің бағалы қағаздары тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде өкілге есепті тоқсандағы қаржылық есептілікті (осы эмитенттің еншілес ұйымы болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есептілікті) ұсынады.»;

10-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қаржылық есептілікті (тоқсан сайынғы) – егер Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес шартпен өкілдің осы есептілікті қаржылық есептілік депозитариінің интернет-ресурсынан алуы көзделмеген жағдайда тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдан кешіктірмей:

тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдан кешіктірмей;

бағалы қағаздары Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының тізіміне енгізілген және шет мемлекеттің аумағында жұмыс істейтін қор биржасының алаңында айналыстағы эмитент үшін – эмитенттің бағалы қағаздары тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде;

2) жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті (бар болса) – егер Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес шартпен өкілдің осы есептілікті қаржылық есептілік депозитариінің интернет-ресурсынан алуы көзделмеген жағдайда:

акционерлердің (қатысушылардың) жылдық жалпы жиналысында бекітілген күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде;

бағалы қағаздары Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының тізіміне енгізілген және шет мемлекеттің аумағында жұмыс істейтін қор биржасының алаңында айналыстағы эмитент үшін – эмитенттің бағалы қағаздары тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде;».

3. «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына қойылатын талаптарды бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 276 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7993 тіркелген.

26-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жұмыс істеуіндегі іркіліс негізгі қызметтің тоқтауына және клиенттерге қызмет көрсету мүмкіндігінің болмауына алып келуі мүмкін барлық дерекқорлардың және ақпараттық жүйелердің өзекті көшірмелері болады;».

4. «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 тіркелген, 2013 жылғы 5 маусымда «Егемен Қазақстан» газетінде № 141 (28080) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

«Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы;»

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері – мынадай заңды тұлғалар үшін Standard & Poors рейтингтік агенттігінің «BBB»-дан немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілерінен төмен емес шетел валютасындағы халықаралық шәкіл бойынша ұзақ мерзімді ең төменгі кредиттік рейтингі белгіленсін:

банк немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленетін (мәртебесіне ие) заңды тұлғалар;

банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленетін (мәртебесіне ие) заңды тұлғалар;

Қазақстан Республикасында еншілес банктер құратын (бар) банктер;

Қазақстан Республикасында еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары.

Қазақстан Республикасының бейрезиденттері – мынадай заңды тұлғалар үшін Standard & Poors рейтингтік агенттігінің «B»-тен немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген немесе осы қаулының 3-тармағының екінші бөлігінің үшінші, бесінші, алтыншы, он бірінші, он төртінші және он бесінші абзацтарында белгіленген талаптарға сәйкес келетін рейтингтік агенттіктердің бірі берген осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілерінен төмен емес шетел валютасындағы халықаралық шәкілі бойынша ұзақ мерзімді ең төменгі кредиттік рейтингі белгіленсін:

ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленетін (мәртебесіне ие);

бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыратын еншілес ұйымдарына ие.

Рейтингтік агенттігінің осы тармақтың екінші бөлігінде айқындалған талаптарға сәйкестігін рейтинг жүргізілетін объекті растайды.

Банктер туралы заңның 8-1-бабының 2-тармағы 4) тармақшасының мақсаттары үшін мынадай ұзақмерзімді ең төменгі тәуелсіз рейтингі белгіленсін:

шет мемлекеттің шетел валютасында – Standard & Poors рейтингтік агенттігінің шетел валютасындағы халықаралық шәкіл бойынша ұзақмерзімді ең төменгі рейтингі «BBB»-дан



немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтерінен төмен емес.

Банктер туралы заңның 8–1-бабының 2-тармағы б) тармақшасының мақсаттары үшін халықаралық шәкіл бойынша мынадай ең төменгі жеке кредиттік рейтингі белгіленсін:

ұйымның шетел валютасында – Standard & Poors рейтингтік агенттігінің шетел валютасындағы халықаралық шәкіл бойынша ұзақмерзімді ең төменгі рейтингі «BBB»-дан немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтерінен төмен емес.»;

1–1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

5. «Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы №9 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9249 тіркелген, 2014 жылғы 16 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Брокер және (немесе) дилердің ішкі құжаттарында бағалы қағаздардың орталық депозитарийінің, қор биржаның, клиринг ұйымының және (немесе) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуды (төлемдерді) ұйымдастыруды жүзеге асыратын есеп айырысу ұйымының (бұдан әрі – есеп айырысу ұйымы) және (немесе) шетелдік есеп айырысу ұйымы электрондық құжаттармен алмасу жүйесіне кіру үшін рұқсаты (пайдаланатын парольдері) бар брокер және (немесе) дилердің қызметкерлерінің жауапкершілігі белгіленеді.

Қағидалардың мақсаттары үшін шетелдік есеп айырысу ұйымы ретінде мыналар ұғынылады:

«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес ұзақмерзімді кредиттік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банк;

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 59-бабының 1-тармағында белгіленген функцияларды жүзеге асыратын, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB» төмен емес ұзақмерзімді кредиттік рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел ұйымы; Бағалы қағаздарға қызмет көрсету жөніндегі халықаралық қауымдастығының (International Securities Services Association) мүшесі болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденті-ұйым.»;

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Қағидалардың 29-тармағында көзделген хабарлар жазбаша түрде ресімделеді және клиентке брокер және (немесе) дилер почтамен және (немесе) қолма-қол және (немесе) электронды почтамен немесе мұндай хабарламаны жіберуге негіз туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күндері ішінде өзге де ықтимал байланыс түрлерімен жіберіледі және (немесе) брокер және (немесе) дилердің интернет-ресурсында орналастырылады.»;

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Клиенттік тапсырыста мынадай деректемелер болады:

- 1) осы клиенттік тапсырысқа сәйкес жасалуға тиісті қаржы құралдарымен мәмілелердің түрін көрсету;
- 2) мүддесінде қаржы құралдарымен мәміле жасау болжанған клиент туралы мәліметтер:
 - жеке тұлға үшін:
 - тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
 - жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі;
 - заңды тұлға үшін:
 - атауы;
 - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні мен нөмірі, мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы;
 - 3) осы клиенттік тапсырысқа сәйкес мәміле жасалатын эмитенттің атауы, қаржы құралының түрі, қаржы құралының коды немесе ұлттық сәйкестендіру нөмірі (шетелдік бағалы қағаздарға қатысты – халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN), айналыс мерзімі өткен және оларды

өтеу бойынша міндеттемелерді эмитент орындамаған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына қатысты – талап ету құқықтарын сәйкестендіргіш);

- 4) сатып алынуға немесе сатылуға тиісті қаржы құралдарының саны, қаржы құралдарын сатып алу немесе сату бағасы, сондай-ақ тиісінше мәміле жасау үшін қажетті мәліметтер;
- 5) клиенттік тапсырыстың түріне нұсқау:
 - лимиттік тапсырыс – алдын ала келісілген баға бойынша қаржы құралдарын сатып алуға (сатуға);
 - нарықтық тапсырыс – нарықтық баға бойынша қаржы құралдарын сатып алуға (сатуға);
 - буферлік тапсырыс – болашақта болатын баға бойынша қаржы құралдарын сатып алуға (сатуға);
 - брокердің және (немесе) дилердің ішкі құжаттарында көзделген клиенттік тапсырыстар;
- 6) егер клиент басқа мерзімді көрсетпесе, ағымдағы сауда сессиясының соңына дейінгі клиенттік тапсырыстың қолданылу мерзімі;
- 7) клиенттік тапсырыстың қабылданған күні және нақты уақыты;
- 8) осы клиенттік тапсырысты қабылдаған брокер және (немесе) дилер қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- 9) брокердің және (немесе) дилердің қаржы құралдарымен осы клиенттік тапсырысқа сәйкес жасалуы тиіс мәмілені жасау туралы ұсынымдарының болуы туралы мәліметтер;
- 10) брокердің және (немесе) дилердің ішкі құжаттарында белгіленген деректемелер.

Егер клиент брокер және (немесе) дилерге клиенттік тапсырысты брокердің және (немесе) дилердің электронды қызмет көрсетуі шегінде қамтамасыз етсе, осы тармақтың 8) және 9) тармақшаларында белгіленген деректемелер көрсетілмейді.»;

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«45. Банк болып табылмайтын бірінші санаттағы брокер және (немесе) дилер клиенттерге тиесілі ақшаны есепке алу және сақтау үшін банк шоттарын онымен үлестес емес банктерде және (немесе) бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде және (немесе) клирингтік ұйымдарда және (немесе) есеп айырысу ұйымдарында және (немесе) шетелдік есеп айырысу ұйымдарында ашады.»;

49-тармақ бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«49. Банк болып табылмайтын бірінші санатты брокердің және (немесе) дилердің тәуекелдерінің өтелуін сипаттайтын көрсеткіштер мәндерінің № 214 қаулымен белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде брокерге және (немесе) дилерге есеп айырысу кезеңі 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі мәмілелер жасауға рұқсат етіледі, бұл кезде мәміленің бір тарабының қаржы құралын немесе ақшаны жеткізу жөніндегі міндеттемелерін орындауы мәміле жасалған күннен бастап 4 (төрт) жұмыс күн ішінде мәміленің басқа тарабының ақшаны немесе қаржы құралын жеткізу жөніндегі қарсы міндеттемелерін орындауымен мүмкін болады. Көрсетілген мәмілелер бойынша есеп айырысулар мәміле тарабының қаржы құралдарын жеткізу жөніндегі міндеттемелерін орындауы оның өзге қаржы құралдарын алу жөніндегі қарсы талаптарын орындаусыз немесе орталық қарсы агенттің қызметтерін қолданумен мүмкін болмайтын «төлемге қарсы жеткізу» принципі бойынша шетелдік есеп айырысу ұйымдары арқылы жүзеге асырылады.»;

49–2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«49–2. Тәуекелдердің өтелуін сипаттайтын көрсеткіштердің мәндері № 214 қаулысымен белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін брокер және (немесе) дилер есеп айырысуы мәміле жасалғаннан кейін жүзеге асырылатын бағалы қағаздармен мәмілелерді жасамайды.

Осы тармақтың талаптары көрсетілген бағалы қағаздарды сатып алу үшін пайдаланылатын ақша брокердің және (немесе) дилердің орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі банк шотына осы бағалы қағаздарды сатып алу үшін қажет толық көлемде енгізілген талаппен бастапқы нарықта және (немесе) жазылу әдісімен бағалы қағаздарды сатып алу мәмілелерін жасау жағдайларына қолданылмайды.»;

56-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) осы қаржы құралдарымен мәмілелер жөніндегі есептеулер «төлемге қарсы жеткізілім» принципі бойынша шетелдік есеп айырысу ұйымдары арқылы жүзеге асырылады, сонымен қатар бір тараптың міндеттемелерін қаржы құралын немесе ақшаны жеткізу жөніндегі мәмілені орындауы басқа тараптың ақшаны немесе қаржы құралын жеткізу жөніндегі қарама-қарсы міндеттемелер мәмілесін орындамай мүмкін емес.»;

62-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



«62. Брокер және (немесе) дилер ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) қосылу үшін апта сайын есепті кезеңнен кейінгі аптаның бірінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен 14–00-ден кешіктірмей орталық депозитарийге Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12957 тіркелген «Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы №254 қаулысымен бекітілген Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру қағидаларының және орталық депозитарийдің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ақпаратты ұсынады.»;

64 және 65-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«64. Бірінші санатты брокер және (немесе) дилерге тиесілі қаржы құралдары мен ақша оның клиенттерінің қаржы құралдары мен ақшасынан бөлек есепке алынады. Осы мақсаттарда бірінші санатты брокер және (немесе) дилер оған және оның клиенттеріне тиесілі қаржы құралдары мен ақшаны бөлек есеп жүргізуге және сақтауға арналған жеке шоттарды (қосалқы шоттарды) онымен үлестес емес банктерде және (немесе) бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде және (немесе) кастодиандарда (тек шетел эмитенттерінің бағалы қағаздары бойынша) және (немесе) клирингтік ұйымдарда және (немесе) есеп айырысу ұйымдарында және (немесе) шетелдік есеп айырысу ұйымдарында ашады.

65. Клиенттерден келіп түсетін қаржы құралдары мен ақшаны бірінші санатты брокер және (немесе) дилер онымен үлестес емес банктерде және (немесе) бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде және (немесе) кастодиандарда (тек шетел эмитенттерінің бағалы қағаздары бойынша) және (немесе) клирингтік ұйымдарда және (немесе) есеп айырысу ұйымдарында және (немесе) шетелдік есеп айырысу ұйымдарында брокер және (немесе) дилердің клиенттеріне тиесілі қаржы құралдары мен ақшаға есеп жүргізуге және сақтауға арналған шоттарға қаржы құралдары мен ақша келіп түскен сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде аударуға тиіс.»;

66-тармақ алып тасталсын.

6. «Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы №10 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9248 тіркелген, 2014 жылғы 16 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:
- көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

33-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ашық сауда-саттық әдісімен қор биржасының сауда жүйесінде жасалған мәмілелерді қоспағанда, инвестициялық портфельді басқарушы бір мезгілде өз клиентінің мүдделерін және оның клиенті болып табылмайтын үшінші тұлғаның мүдделерін білдіретін;»;

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Инвестициялық портфельді басқарушы туынды қаржы құралдарымен ұйымдастырылмаған нарықта брокердің қызметін пайдаланбастан дербес жасалған мәмілелерді жүргізуді орталық депозитарий жүзеге асыратын тізілімге (бұдан әрі – тізілім) енгізу үшін апта сайын, есепті кезеңнен кейінгі аптаның бірінші жұмыс күнінің Астана қаласының уақыты бойынша сағат 14–00-ден кешіктірмей орталық депозитарийге Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12957 тіркелген «Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы №254 қаулысымен бекітілген Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру қағидаларының талаптарына және орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес ақпарат ұсынады.

Ақпарат ақпаратты беру күніндегі барлық қолданыстағы ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықта туынды қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша, сондай-ақ есепті кезеңде жасалған және орындалған мәмілелер бойынша ұсынылады.»;

54-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы инвестициялық портфельді басқарушы клиенттерінің шоттары ашылған номиналды ұстаушыларға хабарлайды.».

7. «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 27 тамыздағы №167 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9803 тіркелген, 2014 жылғы 18 қарашада «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
- көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:
- 2-тармақта:
- 8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- «8) инвестициялық пай қорының орналастырылған пайларын есепке алуға арналған инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының жеке шоты – инвестициялық пай қорының айналыстағы орналастырылған пайларының санын есепке алу жүзеге асырылатын тізілімдер жүйесіндегі жеке шот;»;
- 10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- «10) сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің жеке шоты – эмитентке тізілімдер жүйесінде ашылған, бағалы қағаздардың қайталама нарығында эмитент сатып алған, сондай-ақ Нұсқаулықтың 46 және 47-тармақтарына сәйкес осы шотқа аударылған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу жүзеге асырылатын жеке шот;»;
- 8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «8. Тіркеушінің тізілімдер жүйесін қалыптастыру бойынша іс-әрекеті эмитент, бұрын бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізген тіркеуші және бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) ұстаушы ұсынған мәліметтерді қабылдаудан, тексеруден, өңдеуден, тізілімдер жүйесіне енгізуден тұрады.»;
- 13-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
- «Инвестициялық пай қорының пайларын есепке алу үшін тіркеуші инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы ұсынған мынадай құжаттар негізінде инвестициялық пай қорының орналастырылған пайларын есепке алуға арналған инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының жеке шотын ашады:»;
- 15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «15. Инвестициялық пай қорының орналастырылған пайларын есепке алу үшін инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының жеке шотындағы пайлардың санын өзгерту кастодиан растаған инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Орналастыру кезінде пайлар ұстаушының жеке шотына аударылады, пайлардың дәл осындай саны инвестициялық пай қорының орналастырылған пайларын есепке алу үшін инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының жеке шотында көрсетіледі. Сатып алу немесе айырбастау кезінде пайлар ұстаушының жеке шотынан есептен шығарылады, инвестициялық пай қорының орналастырылған пайларын есепке алу үшін инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының жеке шотында орналастырылған пайлар санының азаюы көрсетіледі.»;
- 23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «23. Эмитентті, оның басқаруындағы инвестициялық пай қорларының орналастырылған пайларын есепке алуға қатысты инвестициялық портфельді басқарушыны, орталық депозитарийді және ортақ меншік қатысушыларының ортақ өкілін қоспағанда, тіркелген тұлғаның тізілімдер жүйесінде бір жеке шоты болады.»;
- 26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- «26. Орналастырылған пайларды есепке алуға арналған инвестициялық пай қорының жеке шотында инвестициялық пай қорының, оның активтерін басқаруды жүзеге асыратын басқарушы компанияның атауы туралы ақпарат қамтылады және Нұсқаулықтың 24-тармағының 1), 4), 5), 6) және 8) тармақшаларында көрсетілген ақпарат қамтылмайды.»;
- 30-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:



«Тіркелген тұлғалардың жеке шоттарындағы эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығының сандық мәні (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың, сондай-ақ осындай құқыққа ие тұлғалардың актілері негізінде оларды оқшаулау бойынша операциялар жүргізілген эмиссиялық бағалы қағаздарды қоспағанда) осы талап ету құқығы туындаған эмиссиялық бағалы қағаздардың санына сәйкес айқындалады.»;

мынадай мазмұндағы 41–1-тармақпен толықтырылсын:

«41–1. Тіркеуші кепілге қойылған бағалы қағаздар бойынша меншік құқығының (эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) басқа тұлғаға өтуін тіркеу операциясын жүргізген жағдайда, Нұсқаулықтың 41-тармағында көзделген құжаттардан басқа, пайдасына бағалы қағаздарға (эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салынған кепіл ұстаушының оларды иеліктен алуға келісімі ұсынылады.

Егер ұсынылған кепіл ұстаушының бағалы қағаздарды (эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) иеліктен алуға келісінде кепілді сақтап қалу талабы қамтылатын болса, осындай бағалы қағаздарды (эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығару, есепке жазу және ауыртпалық салу операциялары кепілге ауыртпалық салудың туындауын немесе басқа тұлғаға өтуін растайтын құжат қосымша ұсынылған жағдайда жүргізіледі.»;

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«45. Тіркеуші эмитенттің бір түрдегі орналастырылған акцияларын осы эмитенттің басқа түрдегі акцияларына айырбастау туралы жазбаларды енгізу операциясын эмитент ұсынған бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы эмитент акционерлерінің жалпы жиналысы шешімінің көшірмесі, айырбастау талаптары, мерзімі және тәртібі анықталған акциялар шығару проспектісіне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың және эмитенттің орналастырылған акцияларды айырбастау туралы жазбаларды енгізу бұйрығының көшірмесі негізінде мынадай жолмен жүргізеді:

- 1) айырбасталуға тиіс акцияларды тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан және эмитенттің сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған жеке шотынан есептен шығару және оларды жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотына есепке алу;
- 2) орналастырылған акциялар айырбасталатын акцияларды жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан және (немесе) сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу үшін жеке шоттан айырбасталуы жүзеге асырылуға сай пропорцияда акциялары айырбасталуға тиіс тіркелген тұлғалардың жеке шоттарына есептен шығару, сондай-ақ эмитент сатып алған акциялар айырбасталатын акцияларды жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан айырбасталуы жүзеге асырылуға сай пропорцияда акцияларды есептен шығару және оларды сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотына есепке алу.

Орталық депозитарийдің жеке шоты бойынша эмитенттің бір түрдегі орналастырылған акцияларын осы эмитенттің басқа түрдегі акцияларына айырбастауға байланысты операцияларды жүргізгеннен кейін тіркеуші бір сағаттың ішінде тізілімдер жүйесіндегі орталық депозитарийдің жеке шотынан үзінді көшірмені қоса бере отырып, орталық депозитарийге бұл туралы хабарламаны жібереді.».

59-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«59. Нұсқаулықтың 41–1, 60 және 69-тармақтарында көзделген операцияларды, сондай-ақ Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес олардың біріне қатысты қайта құрылымдау жүргізілген банктерді қосу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке алу) операцияларын қоспағанда, бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) ұстаушының міндеттемесіне байланысты бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) бойынша құқықтарды шектеуді тіркеуші бағалы қағаздарына (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салынған бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) ұстаушының және пайдасына оларға ауыртпалық салу жүргізілетін тіркелген тұлғаның ауыртпалығы туралы қарсы бұйрықтары және бағалы қағаздарға ауыртпалық салу көзделетін шарттың түпнұсқасы немесе көшірмесі негізінде ауыртпалық салу операциясын жүргізу жолымен жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 59–1-тармақпен толықтырылсын:

«59–1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және кепіл шартында көзделген жағдайларда көрсетілген бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарын беру нәтижесінде кепілге берілген бағалы қағаздарға құқықтардың (эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) басқа тұлғаға өтуін тіркеу бойынша операция мынадай құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- 1) бағалы қағаздардан ауыртпалықты алуға (эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) кепіл ұстаушының бұйрығы;
- 2) бағалы қағаздарға ауыртпалық салуға (эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) жаңа кепіл ұстаушының бұйрығы;
- 3) кепілге берілген бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарының (эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) жаңа кепіл ұстаушыға берілгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 4) егер көрсетілген келісім заңнамалық актілерде немесе шартта көзделген жағдайда, кепілге берілген бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарының (эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) өтуіне кепіл ұстаушының жазбаша келісімінің көшірмелері.»;

61-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«61. Бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) оқшаулау және оқшаулауды алып тастау операциясын тіркеуші тізілімдер жүйесінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың, сондай-ақ осындай құқыққа ие тұлғалардың актілері негізінде «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Атқарушылық іс жүргізу туралы заң) 65-бабы 6–1-тармағының талаптарын ескере отырып жүргізеді.»;

63-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сенімгерлік басқарушы туралы жазбаларды енгізу немесе алып тастау операциясын тіркеуші инвестициялық пай қорының орналастырылған пайларын есепке алуға арналған инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының жеке шоты бойынша жүргізбейді.»;

68-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Эмитент тіркеушіге осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген сұратуды тіркеуші жіберген күннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң тиісті хабарламаны ұсынбаған кезде не эмитент тіркеушіге осы шығарылымның эмиссиялық бағалы қағаздары бойынша өзінің міндеттемелері бойынша дефолтқа жол бергені туралы хабарламаны ұсынған кезде тіркеуші орталық депозитарийге мыналар:

эмитенттің жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған қосалқы шотындағы және эмитенттің сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған қосалқы шотындағы айналыс мерзімі аяқталған және эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерін орындамаған эмиссиялық бағалы қағаздардың саны;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие мемлекеттік органдардың актілері негізінде және тұлғалардың оқшауланған бағалы қағаздарды ұстаушылардың қосалқы шоттарындағы бағалы қағаздардың саны;

тіркеушінің сұратуында көрсетілген эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіпте тиісті сәйкестендіргіш бергені туралы мәліметтерді ұсыну туралы сұрату жібереді.»;

69-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«69. Орталық депозитарийден Нұсқаулықтың 68-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген тіркеушінің сұратуына жауап ретінде мәліметтерді алғаннан кейін тіркеуші осы шығарылымның эмиссиялық бағалы қағаздарын оларды ұстаушылардың барлық жеке шоттарынан есептен шығаруды (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың, сондай-ақ осындай құқыққа ие тұлғалардың актілері негізінде тізілімдер жүйесінде оқшаулау операциясы жүргізілген эмиссиялық бағалы қағаздарды қоспағанда) және айналыс мерзімі аяқталған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу үшін ашылған эмитенттің жеке шотына есепке алуды жүзеге асырады. Осымен қатар тіркеуші эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап



ету құқықтарын айналыс мерзімі аяқталған және ол бойынша эмитент осы бағалы қағаздар бойынша туындаған міндеттемелерді (ауыртпалық, сенімгерлік басқару) сақтай отырып оларды өтеу бойынша міндеттемелерін орындамаған эмиссиялық бағалы қағаздар есептен шығарылатын ұстаушылардың жеке шоттарына есепке алуды жүзеге асырады.»;

71-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«71. Егер тіркеуші айналыс мерзімі аяқталған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша бұдан бұрын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың, сондай-ақ осындай құқыққа ие тұлғалардың актілері негізінде оларды оқшаулау операциясын жүргізген жағдайда, тіркеуші орталықдепозитарийден эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына орталық депозитарийдің тиісті сәйкестендіргіш бергені туралы мәліметтерді алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде актісі негізінде бағалы қағаздарды оқшаулау операциялары жүргізілген тиісті мемлекеттік органға осы бағалы қағаздар бойынша айналыс мерзімінің аяқталғаны және эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерін орындамағаны және осы бағалы қағаздар эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығына ауыстырылуға жататыны туралы хабарлама жібереді.»;

89-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) Нұсқаулықтың 41–1, 59–1, 60 және 69-тармақтарында көзделген операцияларды, сондай-ақ Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес олардың біріне қатысты қайта құрылымдау жүргізілген банктерді қосу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке жазу) операцияларын жүргізуді қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздарға ауыртпалық салынған.».

8. «Эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді бағалы қағаздарды номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркеу, номиналды ұстаушының бағалы қағаздарды номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотынан үзінді-көшірмені беру және номиналды ұстаушының ақпаратты жария ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы №210 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9876 тіркелген, 2014 жылғы 28 қарашада «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді бағалы қағаздарды номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркеу, номиналды ұстаушының бағалы қағаздарды номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотынан үзінді-көшірмені беру және номиналды ұстаушының ақпаратты жария ету қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 11–1-тармақпен толықтырылсын:

«11–1. Уәкілетті органның кастодиандық қызметті және (немесе) брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияға ие қаржы ұйымдары қайта ұйымдастырылған кезде бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шотын ашу операцияларын номиналды ұстаушы орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінен алынған тіркелген операциялар туралы есептің негізінде жүзеге асырады.»;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Номиналды ұстаушы бұйрықтың орындалмау себептерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында бас тартуды мынадай:

- 1) бұйрықтардағы қолтаңбалардың нотариатта куәландырылған үлгілерге сәйкес келмеген;
- 2) операцияны жасауға бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде қарсы бұйрықты ұсынбаған;
- 3) бұйрықтар деректемелерінің Қағидаларда белгіленген деректемелерге немесе жеке шоттың (қосалқы шоттың) деректемелеріне сәйкес келмеген;
- 4) бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқығы) және (немесе) клиенттердің шоттарында (қосалқы шоттарында) ақшаның қажетті саны болмаған;
- 5) мәміле мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмеген;

- 6) клиент мәмілені тіркеу үшін белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда уәкілетті орган ірі қатысушы мәртебесін иеленуге берген келісімді растайтын құжатты ұсынбаған;
- 7) тиісінше мемлекеттік органдардың не соттың бағалы қағаздардың айналысқа жіберілуін тоқтата тұру және тоқтату туралы шешімі болған;
- 8) «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Атқарушылық іс жүргізу туралы заң) 65-бабының 6–1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздар және (немесе) жеке шот (қосалқы шот) оқшауланған;
- 9) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Банктер туралы заң) сәйкес банктердің біреуіне қатысты қайта құрылымдау жүргізілген банктер біріктіру нысанында қайта ұйымдастырылған кезде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (шоттарына) (қосалқы шоттарынан (қосалқы шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке жазу) операцияларын жүргізуді қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығына) ауыртпалық салынған;
- 10) бұйрық қабылданған сәтте және (немесе) осы бұйрықтың қолданылу кезеңінде клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімі өткен;
- 11) номиналды ұстаушының ішкі құжатында көзделген жағдайларда рәсімдейді.»;

мынадай мазмұндағы 33–1 және 33–2-тармақтармен толықтырылсын:

«33–1. Номиналды ұстаушы (номиналды ұстаушылар) бөлу немесе қосылу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда мұндай қайта ұйымдастыру нәтижесінде пайда болған және қайта ұйымдастырылған номиналды ұстаушының (қайта ұйымдастырылған номиналды ұстаушылардың) лицензиясын «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 34-бабының 1 және 5-тармақтарында белгіленген тәртіпте қайта ресімдеген заңды тұлға уәкілетті органнан қайта ресімделген лицензияны алған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12957 тіркелген «Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы №254 қаулысының (бұдан әрі – №254 қаулы) 39–1-тармағында көрсетілген операцияларды жасауға бұйрықты орталық депозитарийге беруді жүзеге асырады.

33–2. Номиналды ұстаушылар біріктіру нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда біріктіру жүргізілген номиналды ұстаушы Ұлттық бизнес-сәйкестендіру нөмірлері тізіліміне біріктірілген номиналды ұстаушының қызметін тоқтату туралы мәліметтерді енгізген сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде №254 қаулының 39–1-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген операцияларды жасауға бұйрықты орталық депозитарийге беруді жүзеге асырады.».

9. «Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы №254 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12957 тіркелген, 2016 жылғы 31 наурызда «Егемен Қазақстан» газетінде №60 (28788) жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:
көрсетілген қаулымен бекітілген Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

23-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) тіркеушінің бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде орталық депозитарийге ашылған жеке шот бойынша жүргізілген осы эмитент шығарған қаржы құралдарын конвертациялау немесе айырбастау кезінде қаржы құралдармен жасалған мәмілелерді тіркеу жөніндегі операциялар туралы хабарламасы (есебі);»;

мынадай мазмұндағы 39–1-тармақпен толықтырылсын:

«39–1. Орталық депозитарий осы Қағидалардың 18-тармағының 1) және (немесе) 2) тармақшаларында көрсетілген қызметтің бір лицензияланатын түріне (шағын түріне) уәкілетті орган берген лицензияларға ие қаржы ұйымдары қайта ұйымдастырылған жағдайда қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған және оған қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымдарының лицензиясы қайта ресімделген қаржы ұйымының бұйрығы негізінде және оны алған күні мыналарды жүзеге асырады:

- 1) қаржы ұйымдары қосылған кезде:

қосылу нәтижесінде пайда болған қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымдарының клиенттеріне қосалқы шоттар ашу;



- қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымдарының жеке шоттары шеңберінде ашылған клиенттердің қосалқы шоттарындағы бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығару және қосылу нәтижесінде жаңадан пайда болған қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде ашылған осы клиенттердің қосалқы шоттарына оларды одан әрі есепке енгізу;
- қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымдарының жеке шоттары шеңберінде ашылған клиенттердің қосалқы шоттарын жабу;
- 2) бір қаржы ұйымын екіншіге біріктірген кезде:
- біріктіруі жүзеге асырылатын қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде біріктіру сәтінде қосалқы шоттар ашылған клиенттерді қоспағанда, біріктіруі жүзеге асырылатын қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде біріктірілетін қаржы ұйымының клиенттеріне қосалқы шоттар ашу;
 - біріктірілетін қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде ашылған клиенттердің қосалқы шоттарындағы бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығару және біріктіруі жүзеге асырылатын қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде ашылған осы клиенттердің қосалқы шоттарына оларды одан әрі есепке жазу;
 - біріктірілген қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде ашылған клиенттердің қосалқы шоттарын жабу.

Қағидалардың 18-тармағының 1) және (немесе) 2) тармақшаларында көрсетілген уәкілетті органның лицензиясына ие қаржы ұйымы бөлу нысанда қайта ұйымдастырылған кезде орталық депозитарий қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған және оған қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымының лицензиясы қайта ресімделген қаржы ұйымының бұйрығы негізінде және оны алған күні мыналарды жүзеге асырады:

уәкілетті органның лицензиясы қайта ресімделген, бөлу нәтижесінде жаңадан пайда болған қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымының клиенттеріне қосалқы шоттар ашу;

бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде ашылған клиенттердің қосалқы шоттарындағы бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығару және бөлу нәтижесінде жаңадан пайда болған, оған уәкілетті органның лицензиясы қайта ресімделген қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде ашылған осы клиенттердің қосалқы шоттарына оларды одан әрі есепке жазу;

бөлу нысанында қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде ашылған клиенттердің қосалқы шоттарын жабу.

Қаржы ұйымы бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастырылған кезде бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) бөліп шығарылуы жүргізілген қаржы ұйымы клиенттерінің қосалқы шоттарында есептелуі жалғастырылады.

Қаржы ұйымдары қосылу нысанында қайта ұйымдастырылған кезде мұндай қаржы ұйымдарының клиенттерінде екі және одан көп қосалқы шот болған жағдайда орталық депозитарий қосылу нәтижесінде жаңадан пайда болған қаржы ұйымының жеке шоты шеңберінде осы клиентке бір қосалқы шот ашуды жүзеге асырады. Қосалқы шот деректемелері ретінде қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымдарының клиенті орталық депозитарийге өзгерістерін ұсынған қосалқы шоттың деректері қабылданады.

Қаржы ұйымдары біріктіру нысанында қайта ұйымдастырылған кезде біріктірілетін ұйым клиентінде біріктіруі жүзеге асырылатын қаржы ұйымының қосалқы шоты болған жағдайда орталық депозитарий осы клиенттің бағалы қағаздарын (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) көрсетілген қосалқы шотқа есепке жазылады.

Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген қайта ұйымдастырылатын қаржы ұйымдары клиенттерінің қосалқы шоттарынан (қосалқы шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке жазу) операцияларын орталық депозитарий егер мұндай операцияларды тіркеу бағалы қағаздардың меншік иелерін ауыстыруға әкеп соқпаған жағдайда ғана жүзеге асырады.

Қайта ұйымдастырылатын қаржы ұйымының жеке шотында және (немесе) оның клиенттерінің қосалқы шоттарында мәмілелер жасауға шектеулер белгіленген бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтар) есепте болса, Қағидалардың осы тармағында көрсетілген іс-қимылдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте осындай шектеулердің күші жойылғаннан (алып тасталғаннан) кейін жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген операциялар жүргізілгеннен кейін орталық депозитарий қайта ұйымдастырылатын қаржы ұйымдарына орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде тіркелген операциялар туралы есептерді операция жүргізілген күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.».

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығын реттеу
мәселелері бойынша нормативтік
құқықтық актілерінің Тізбесіне
қосымша

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2012 жылғы 24 ақпандағы
№ 60 қаулысына
2-қосымша

Акционерлік және инвестициялық пай қорларының активтерінің құрамына кіруі мүмкін қаржы құралдары тізбесі

1. Басқарушы компания инвестициялайтын қаржы құралдарының тізбесі, әрбір жеке ашылған не аралық инвестициялық пай қорларының инвестициялық басқарудағы активтері және оларға қойылатын талаптар:

№	Қаржы құралдарының атауы
1.	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар (оның ішінде шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес эмитеттеген), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар
2.	Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған облигациялар
3.	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» Акционерлік қоғамы және оның еншілес ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар
4.	Мына талаптардың біріне сәйкес келгенде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне салымдар: Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі «B-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша «kzB» төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктер; банктер резидент емес бас банкі Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі «A-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша «kzB» төмен емес рейтингтік бағасы бар резидент емес еншілес банктер болып табылады



№	Қаржы құралдарының атауы
5.	<p>Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздары:</p> <p>Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B-» төмен емес рейтингісі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша «kzB» төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар эмитенттердің акциялары және (немесе) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9871 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2014 жылғы 22 қазандағы № 189 қаулысына (бұдан әрі – № 189 қаулы) көзделген «акция» секторының талаптарына сәйкес акциялар;</p> <p>Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша рейтингісі «B-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша «kzB» төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздар немесе қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, 189 қаулымен көзделген «рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» борыштық бағалы қағаздар;</p> <p>қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымының инфрақұрылымды облигациялары;</p> <p>басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорларының (басқарушы компаниясы активтері есебінен осы пайлар сатып алынатын инвестициялық пай қорларының басқарушы компаниясы болып табылатын инвестициялық пай қорларын қоспағанда), қор биржасының ресми тізіміне енгізілген пайлары; осы эмитенттің бұрын шығарылған бағалы қағаздарына не өзге міндеттемелеріне айырбастау мақсатында эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау шеңберінде шығарылған бағалы қағаздар</p>
6.	Standard & Poor's principal stability fund ratings «BBm-» төмен емес не Standard & Poor's Fund credit quality ratings «BBF-» төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы бар инвестициялық қорлардың бағасы
7.	Базалық активі Тізбенің 1-тармағының кестесінің 5, 12, 13 жолдарында көрсетілген акциялар болып табылатын не базалық активі Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша рейтингісі «B-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы бар эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлы қолхаттар
8.	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB» төмен емес тәуелсіз рейтингісі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингісі бар шетелдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар
9.	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB» төмен емес тәуелсіз рейтингісі немесе басқа рейтинг агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингісі бар елдердің шетел валютасы
10.	Лондон қымбат металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған халықаралық сапа стандартына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында Лондондық сапалы жеткізілім (London good delivery) стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат металдар мен он екі айдан аспайтын мерзімі бар металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктеріндегі металл депозиттер
11.	<p>Мынадай халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар:</p> <ul style="list-style-type: none"> Азия даму банкі; Америкааралық даму банкі; Африка даму банкі; Еуропа Даму банкі; Еуропа инвестициялық банкі; Еуропа Қайта құру және даму банкі; Ислам даму банкі; Халықаралық есеп айырысу банкі; Халықаралық Қайта құру және даму банкі; Халықаралық қаржы корпорациясы;

№	Қаржы құралдарының атауы
12.	Шетел ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасы танитын шетел аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар; Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел ұйымдары шығарған акциялар және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасы танитын шетел аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген акциялар
13.	Қазақстан Республикасының резиденттері Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңының 22–1-бабының 3-тармағына сәйкес танитын шетел ұйымы шығарған, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасы танитын шетел аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздар
14.	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар ұйымдар шығарған Principal protected notes, ол мына талаптардың біріне сәйкес келеді: айналыс мерзімі бес жылдан аспайды; principal protected notes шығарылым талаптарымен қандай да бір мемлекеттің, эмитенттің өз міндеттемелері бойынша дефолт жағдайы көзделмеген
15.	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар резидент емес банктердегі салымдары
16.	Базалық активі Ашық және аралық инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдары, шетел валютасы, сондай-ақ мынадай есепті көрсеткіштер (индекстер) болып табылатын, хеджирлеу мақсатында жасалған туынды қаржы құралдары (фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар): CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index) DAX (Deutscher Aktienindex) DJIA (Dow Jones Industrial Average) ENXT 100 (Euronext 100) FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index) KASE (Kazakhstan Stock Exchange) MICEX (Moscow Interbank Currency Exchange Index) MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index) NIKKEI – 225 (NIKKEI – 225 Index) RTSI (Russian Trade System Index) S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index) TOPIX (Tokyo Price Index) HSI (Hang Seng Index)
17.	Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысу үлесі
18.	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB» төмен емес тәуелсіз рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі тәуелсіз рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларында саудаланатын Exchange Traded Fund пайлары



2. Басқарушы компания инвестициялайтын қаржы құралдарының тізбесі, жылжымайтын мүлік әрбір жеке қорының инвестициялық басқарудағы активтері және оларға қойылатын талаптар:

№	Қаржы құралдарының атауы
1.	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар (оның ішінде басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес эмитеттеген), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар
2.	Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған облигациялар
3.	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» Акционерлік қоғамы және оның еншілес ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар
4.	Мына талаптардың біріне сәйкес келгенде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерге салымдар: Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі «B-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша «kzB» төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктер; банктер резидент емес бас банкі Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі «A-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы бар резидент емес еншілес банктер болып табылады
5.	Мәміле жасау күніне олардың Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасы индексінің өкілдік тізімінде болған жағдайдағы акциялар
6.	Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес рейтингісі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша «kzB» төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздар
7.	Шетел ұйымдары шығарған Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар
8.	Шетел ұйымдары шығарған Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар акциялар
9.	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB»-ден төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар мынадай халықаралық қаржы ұйымдары: Азия даму банкі; Америкааралық даму банкі; Африка даму банкі; Еуропа Даму банкі; Еуропа инвестициялық банкі; Еуропа Қайта құру және даму банкі; Ислам даму банкі; Халықаралық есеп айырысу банкі; Халықаралық Қайта құру және даму банкі; Халықаралық қаржы корпорациясы
10.	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB»-ден төмен емес тәуелсіз рейтингісі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шетел мемлекеттерінің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар
11.	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB»-ден төмен емес тәуелсіз рейтингісі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шетелдік валюта

№	Қаржы құралдарының атауы
12.	Лондон қымбат металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған халықаралық сапа стандартына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында Лондондық сапалы жеткізілім (London good delivery) стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат металдар мен он екі айдан аспайтын мерзімі бар металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктеріндегі металл депозиттер
13.	Хеджирлеу мақсатында жасалған туынды қаржы құралдары осы қосымшаға сәйкес базалық активі жылжымайтын мүлік қоры активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдары болып табылады.
14.	Жылжымайтын мүлік қорына кіретін мүлікке қызмет көрсетуді жүзеге асыратын заңды тұлғаға қатысу үлесі



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2016 жылғы 25 желтоқсанда № 14588 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2016 жылғы 28 қазан

№ 261

«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» 2003 жылғы 3 маусымдағы және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:
 - 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы есептілігінің тізбесі;
 - 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес ақша қалдықтары туралы есептің нысаны;
 - 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес орналастырылған салымдар туралы есептің нысаны;
 - 4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес бағалы қағаздар туралы есептің нысаны;
 - 5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес «кері РЕПО», «РЕПО» операциялары туралы есептің нысаны;
 - 6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес дебиторлық берешек туралы есептің нысаны;
 - 7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резерві және зиянды өтеу резерві туралы есептің нысаны;
 - 8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес кредиторлық берешек туралы есептің нысаны;
 - 9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес акционерлер туралы мәліметтердің нысаны;
 - 10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес инвестициялық қызметтен түскен кірістер туралы есептің нысаны;
 - 11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес жалпы және әкімшілік шығыстар туралы есептің нысаны;
 - 12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес кепілдік төлемдерін, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді, өтемақы төлемдерін жүзеге асыру шығыстары туралы есептің нысаны;
 - 13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес активтер туралы есептің нысаны;
 - 14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес инвестициялау лимиттерінің сақталуы туралы есептің нысаны;
 - 15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.
2. «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13) және 14) тармақшаларында көзделген есептілікті электрондық форматта ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күніне дейінгі (қоса алғанда) мерзімде ұсынады.
3. Мыналардың:
 - 1) «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 26 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6167 тіркелген, 2010 жылғы 26 қазанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 439–442 (26285) жарияланған) 1-тармағы 1) тармақшасының;

- 2) «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсететін мемлекеттік қызметтердің бизнес-процестерін оңтайландыру және автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №261 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10211 тіркелген, 2015 жылғы 26 ақпанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсететін мемлекеттік қызметтердің бизнес-процестерін оңтайландыру және автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі 4-тармағының екінші, үшінші және төртінші абзацтарының күші жойылды деп танылсын.
4. Зерттеулер және статистика департаменті (Тутушкин В.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;
 - 3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.
5. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғ.О. Пірматовқа жүктелсін.
7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің Төрағасы
_____ **Н.С. Айдапкелов**
2016 жылғы «__» _____



Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 28 қазандағы
№ 261 қаулысына
1-қосымша

**«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры»
акционерлік қоғамы есептілігінің тізбесі**

«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының есептілігіне мыналар кіреді:

- 1) ақша қалдықтары туралы есеп;
- 2) орналастырылған салымдар туралы есеп;
- 3) бағалы қағаздар туралы есеп;
- 4) «кері РЕПО», «РЕПО» операциялары туралы есеп;
- 5) дебиторлық берешек туралы есеп;
- 6) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резерві және зиянды өтеу резерві туралы есеп;
- 7) кредиторлық берешек туралы есеп;
- 8) акционерлер туралы мәліметтер;
- 9) инвестициялық қызметтен түскен кірістер туралы есеп;
- 10) жалпы және әкімшілік шығыстар туралы есеп;
- 11) кепілдік төлемдерін, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді, өтемақы төлемдерін жүзеге асыру шығыстары туралы есеп;
- 12) активтер туралы есеп;
- 13) инвестициялау лимиттерінің сақталуы туралы есеп.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 28 қазандағы
№ 261 қаулысына
2-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан Ақша қалдықтары туралы есеп

Есепті кезең: 20_жылғы «__» _____ жағдай бойынша

Индекс: АҚ 2

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар: «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күніне дейінгі (қоса алғанда) мерзімде.



Нысан

20__ жылғы «__» _____ жағдай бойынша

(мың теңгемен)

р/с №	Баптың, банктің атаулары (банктер бөлігінде)	Банктің ұзақмерзімді кредиттік рейтингі/рейтингілік агенттіктің атауы	Есепті кезеңде теңгемен ақша қалдығы	Теңгемен қайта есептелген шетел валютасындағы ақша қалдығы	Теңгемен ақшаның барлығы	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7
1	Кассадағы ақша					
2	Жолдағы ақша					
2.1						
3	Ағымдағы шоттардағы ақша					
3.1						
4	Аккредитивтердегі ақша					
4.1						
5	Чектердегі ақша					
5.1						
6	Басқалар					
6.1						
7	Барлығы					

Бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) күні

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) күні

Орындаушы _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) күні

Телефоны: _____

Мөр орны (бар болса)

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Ақша қалдықтары туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Ақша қалдықтары туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.
2. Нысан «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.
3. Нысанды «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.
4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе олар есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлғалар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 3-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 тіркелген «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына (бұдан әрі – № 385 қаулы) сәйкес рейтингтік агенттіктің рейтингі мен атауы көрсетіледі.
Рейтингтік агенттік болмаған кезде 3-бағанда «рейтингі жоқ» деп көрсетіледі.
6. 4-бағанда есепті кезеңде теңгемен ақша қалдығы көрсетіледі.
7. 5-бағанда теңгемен қайта есептелген шетел валютасындағы ақша қалдығы көрсетіледі.
8. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 28 қазандағы
№ 261 қаулысына
3-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Орналастырылған салымдар туралы есеп

Есепті кезең: 20 ____ жылғы « ____ » _____ жағдай бойынша

Индекс: ОС 3

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар: «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күніне дейінгі (қоса алғанда) мерзімде.

Нысан

20 ____ жылғы « ____ » _____ жағдай бойынша

(мың теңгемен)

р/с №	Баптың, банктің атаулары (банктер бөлігінде)	Банктің ұзақмерзімді кредиттік рейтингі	Салым бойынша негізгі сома		
			теңгемен	теңгемен қайта есептелген шетел валютасындағы ақша қалдығы	салым сомасының жиынтығы
1	2	3	4	5	6
1	Талап етуге дейінгі салымдар				
1.1					
2	Мерзімді салымдар				
2.1					
3	Шартты салымдар				
3.1					
4	Барлығы				

кестенің жалғасы:

Салым бойынша сыйақы			Күмәнді борыштар бойынша резерв	Ескерту
теңгемен	теңгемен қайта есептелген шетел валютасындағы ақша қалдығы	сыйақы сомасының жиынтығы		
7	8	9	10	11
....				

Бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____ күні

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____ күні

Орындаушы _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____ күні

Телефоны: _____

Мөр орны (бар болса)

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген



Орналастырылған салымдар
туралы есеп нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Орналастырылған салымдар туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Орналастырылған салымдар туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.
2. Нысан «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.
3. Нысанды «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.
4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе олар есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлғалар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 3-бағанда № 385 қаулыға сәйкес рейтингтік агенттіктердің бірі берген рейтинг көрсетіледі.
6. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 28 қазандағы
№ 261 қаулысына
4-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Бағалы қағаздар туралы есеп

Есепті кезең: 20__ жылғы «__» _____ жағдай бойынша

Индекс: БҚ 4

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар: «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күніне дейінгі (қоса алғанда) мерзімде.

20__ жылғы «__» _____ жағдай бойынша



р/с №	Эмитенттің атауы	Бағалы қағаздың түрі	Ұлттық сәйкестендіру нөмірі, халықаралық сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздардың саны (данамен)	Бағалы қағаздың номиналды құны	Номинал валютасы	Кірістілік, пайызбен	Баланстық құны (нетто) (мың теңгемен)						
								Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар		Саудаға арналған бағалы қағаздар		Өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздар		
								барлығы	оның ішінде, есептелген сыйақы сомасы	барлығы	оның ішінде, есептелген сыйақы сомасы	барлығы	оның ішінде, есептелген сыйақы сомасы	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	
1	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары													
1.1														
2	Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары													
2.1	екінші деңгейдегі банктер													
2.1.1														
2.2	екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалар													
2.2.1														

p/c №	Эмитенттің атауы	Бағалы қағаздың түрі	Ұлттық сәйкестендіру нөмірі, халықаралық сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздардың саны (данамен)	Бағалы қағаздың номиналды құны	Номинал валютасы	Кірістілік, пайызбен	Баланстық құны (нетто) (мың теңгемен)						
								Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар		Саудаға арналған бағалы қағаздар		Өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздар		
								барлығы	оның ішінде, есептелген сыйақы сомасы	барлығы	оның ішінде, есептелген сыйақы сомасы	барлығы	оның ішінде, есептелген сыйақы сомасы	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	
3	Шет мемлекеттердің бағалы қағаздары													
3.1														
4	Қазақстан Республикасының бейрезиденттері – эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары													
4.1														
5	Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары													
5.1														
6	Басқалар													
6.1														
8	Барлығы													



кестенің жалғасы:

Эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлесі (пайыздармен)	Күмәнді борыштар бойынша резерв (мың теңгемен)	Бағалы қағаздардың жиынтық сатып алу құны (мың теңгемен)	Сатып алу кезінен бастап құнының өзгеруі (9-баған + 11-баған + 13-баған) – 17-баған)	Күні	Ұзақмерзімді кредиттік рейтингі	Ескерту
15	16	17	18	19	20	21
....						

Бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____ күні

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____ күні

Орындаушы _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____ күні

Телефоны: _____

Мөр орны (бар болса)

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Бағалы қағаздар туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының «Бағалы қағаздар туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.
2. Нысан «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.
3. Нысанды «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.
4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе олар есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлғалар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 3-бағанда бағалы қағаздың түрі көрсетіледі.
6. 5-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.
7. 6-бағанда облигациялар бойынша купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілетін сыйақы есептелетін облигацияның номиналды/сатып алу құнының оны шығару кезінде айқындалған ақшалай көрінісі, сондай-ақ оны өтеу кезінде облигация ұстаушыға төленуге жататын сома көрсетіледі. Сомасы шығару валютасымен көрсетіледі. Акциялар бойынша акцияны сатып алу валютасымен сатып алу құны көрсетіледі.
8. 7-бағанда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» 07 ISO 4217–2012 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі. Облигациялар бойынша шығару валютасы, акциялар бойынша – сатып алу валютасы көрсетіледі.
9. 8-бағанда купондар бойынша пайыздық кірістілік көрсетіледі.
10. 9-бағанда сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздардың сатып алу құны көрсетіледі.
11. 11-бағанда саудаға арналған бағалы қағаздардың сатып алу құны көрсетіледі.
12. 13-бағанда өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздардың сатып алу құны көрсетіледі.
13. 15-бағанда пайыздармен эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлесі көрсетіледі.



14. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нәлдік қалдықтармен ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 28 қазандағы
№ 261 қаулысына
5-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

«Кері РЕПО», «РЕПО» операциялары туралы есеп

Есепті кезең: 20 ____ жылғы « ____ » _____ жағдай бойынша

Индекс: РЕПО 5

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар: «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күніне дейінгі (қоса алғанда) мерзімде.

Нысан

20___жылғы «___» _____ жағдай бойынша

(мың теңгемен)

р/с №	Операция мазмұны	Бағалы қағаздардың түрі	Ұлттық сәйкестендіру нөмірі, халықаралық сәйкестендіру нөмірі	Шарттың жасалу күні	Шарттың нөмірі	Күні		Операция мерзімі (күндер)	Сыйақы мөлшерлесі, пайыздармен	Бағалы қағаздардың саны	Сомасы		Ескерту
						ашылу	жабылу				теңгемен	шетел валютасымен	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Авто-матты тәсілмен жасалатын «Кері РЕПО» операциялары												
1.1.	(эмитенттің атауы)												
...	...												
2	«РЕПО» операциялары												
2.1	(эмитенттің атауы)												
...	...												



Бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) күні

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) күні

Орындаушы _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) күні

Телефоны: _____

Мөр орны (бар болса)

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген

«Кері РЕПО», «РЕПО» операциялары
туралы есеп нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

«Кері РЕПО», «РЕПО» операциялары туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Кері РЕПО», «РЕПО» операциялары туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.
2. Нысан «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.
3. Нысанды «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.
4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе олар есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлғалар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2-бағанда «РЕПО» мәмілесінің объектісі болып табылатын бағалы қағаз эмитентінің атауы көрсетіледі.
6. 3-бағанда «РЕПО» және (немесе) «кері РЕПО» операциялары бойынша берілген және (немесе) сатып алынған бағалы қағаздың түрі көрсетіледі.
7. 4-бағанда «РЕПО» және (немесе) «кері РЕПО» операциялары бойынша берілген және (немесе) сатып алынған бағалы қағаздың ұлттық сәйкестендіру нөмірі немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
8. 5-бағанда шарттың жасалу күні көрсетіледі.
9. 7-бағанда «кері РЕПО» және/немесе «РЕПО» операциясының ашылу күні көрсетіледі.
10. 8-бағанда «кері РЕПО» және «РЕПО» операциясының жабылу күні көрсетіледі.
11. 9-бағанда «кері РЕПО» және/немесе «РЕПО» операциясының мерзімі (күндер) көрсетіледі.
12. 10-бағанда «РЕПО» және (немесе) «кері РЕПО» операциясына қатысушылар белгілеген және жабу бағасы мен жабу мәмілесінің сомасын есептеу үшін пайдаланылатын «кері РЕПО» және/немесе «РЕПО» операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемесі көрсетіледі.
13. 11-бағанда «кері РЕПО» және/немесе «РЕПО» операциялары бойынша берілген және (немесе) сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.
14. 12-бағанда «кері РЕПО» және/немесе «РЕПО» сомасы (теңгемен) көрсетіледі.



15. 13-бағанда «РЕПО» және (немесе) «кері РЕПО» операциясының сомасы (шетел валютасымен) көрсетіледі.
